



1 желтоқсан, сейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

ӨРКЕН

САПАР

ТАНЫМ

МАҚТАНЫШ

2 Елбасы және Сыр елі



3 Министр мұнай мекемелерін аралады



5 Ұлы болар ел ұлығын сыйлайды



8 Орындалған арман



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ЖЕР ШАРЫ ЕРТЕ МЕ, КЕШ ПЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАРУДАН АРЫЛАТЫНЫНА СЕНІМДІМІН

Кеше Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай Нұрсұлтан Назарбаев Қоры және Әлемдік экономика және саясат институты бірлесе отырып Халықаралық қауіпсіздік және жаһандық ядролық диалогты қайта бастау мәселелері бойынша халықаралық онлайн конференция өткізді деп хабарлайды Қазақпарат.

Айта кетейік, ядролық қауіпсіздікті қолдайтын және ядролық қарудан азат әлемнің Жаһандық көш-басшылар альянсын (ЖКА) құру идеясын – Нұрсұлтан Назарбаев 2019 жылғы қарашада Астана клубының 5-ші отырысы барысында жария еткен болатын. Бүгінгі шараның басты мақсаты да осы бастаманы ілгерілету болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев отырысқа қатысушыларға алғыс білдірді. «COVID-19 пандемиясы дағдарысқа ұшыратты. Бірақ адамзат өз тарихында мұндай деңгейдегі тегеуріндермен бұрын да кездесіп, жеңіп келді. Халықаралық бір-

лестіктер бұл стресс-тесттен де аман өтіп, бұл жолды жеңімпаз ретінде басып өтетініне сенімдімін. Құрметті достар! Биыл әлем трагедиялық датаны атап өтті. Осыдан 75 жыл бұрын ядролық қару бірінші рет жарылған болатын. Содан бері адамдардың бірнеше буыны өсіп жетіліп, Хиросима мен Нагасаки апатын естен шығара бастады. Алайда жаһандық ядролық архитектураға жүргізілген талдау жағдайы бұл бұрыс әрі қауіпті жол екенін көрсетіп отыр», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.



САБАҚТАСТЫҚТЫҢ САРА ЖОЛЫ

Кейінгі жылдары әлемде болып жатқан оқиғалар аса жылдам, күрт өзгерістермен, сонымен бірге қарама-қайшылықтармен сипатталады. Жылдамдықтың екпіні күшті болғаны соншалық, тіпті осыдан бірнеше жыл бұрын үйреншікті қағидалар бүгінге өлшем бола алмай қалды. Айталық, әлемде 2015 жылы басталған дағдарыс әлі де жалғасуда. Ол қазір әлемді жайлаған пандемия дертіне ұласты.

Сб Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ, «Сыр бойы»

Иә, ХХІ ғасырда орын алған қарама-қайшылықтарға толы саяси оқиғалар бүгінге дейін тұтас ұрпақтың санасында қалыптасып, сіңісті болып кеткен ұғымдарға өзгеріс

енгізе бастады. Ал біз осы өзгерістерді қабылдауға дайынбыз ба? Тәуелсіздіктің алғашқы 30 жылы қарсаңында біз қаншалықты өзгердік? Қандай қоғам құра алдық? Оның басты құндылығы неде? Тұңғыш Президент әрдайым осы сауалдарға түшымды, байсалды жауап бере отырып, әлемдік жаһандану үдерісінің тым жылдам дамып келе жатқанын, ал ол біздің ойлау жүйеміз қабылдай қоймайтын талаптарды алға шығарғанын айрықша атап көрсетеді.

Атап көрсетіп қоймай, барлығымызды немқеттіліктен, бойкүйездіктен, масылдықтан, шалағайлықтан, үстірт іс-қимылдан сақтандырады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан Республикасындағы жыл сайынғы өнеркәсіп өнімінің өндірісі нақты көріністе 30 процентке артты. Соңғы 20 жылда Қазақстандағы демографиялық ахуал түбегейлі өзгерді. 1992 жылы басталған халық санының төмендеу үрдісі 2002 жылы аяқталды.

Облыс әкімінің құттықтауы

Қымбатты жерлестер!

Сіздерді мемлекеттік мерекеміз 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздің әлем картасында өз орнын алып, жер-жаһанға танылуында оның іргетасын қалап, шекарасын шегендеген Тұңғыш Президентіміз-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі орасан зор.

Біз үшін ең маңызды құндылықтар – елдің ауыз-біршілігі мен бейбіт өмірдің арқасында алға нық адымдап, мемлекет ретінде дамуға мүмкіндік алдық.

Сондықтан да, Тәуелсіздік туы желбіреген 30 жылға жуық мерзім ішінде қол жеткізген зор жетістіктеріміздің бәрінің бастауында Елбасы тұр деп мақтанышымен айта аламыз.

Осы ретте, Тұңғыш Президент күні мерекесінің ресми бекітілуі – халықтың Елбасына деген ықпалы құрметі мен ыстық ықыласы.

Баршаңызды Ұлы Даланы Мәңгілік елге айналдыруды мақсат еткен Тұңғыш Президентіміздің идеясы аясында бірігіп, сүйікті Қазақстанымыздың әлемдегі аса қуатты мемлекет болуына аянбай еңбек етіп, бірлігімізді, бейбітшілігімізді одан әрі сақтауға шақырамын.

Сіздерді Тұңғыш Президент күнімен құттықтай отырып, мықты денсаулық, отбастарыңызға бақ-береке, амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, ғұмыры мәңгілік болсын!

Еліміз өңселі, елін сүйген Елбасымыз аман болсын!

Облыс әкімі
Гүлшара
ӘБДІКАЛЫҚОВА

● БАСПАНА – БАҚЫТ ҰЯСЫ

МЕРЕКЕДЕ ҚУАНЫШҚА КЕНЕЛДІ



Суретті түсірген Бағдат ЕСЖАНОВ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні облыс орталығында мерейлі шарамен сабақтастық құрды. Мереке қарсаңында облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова кезекте тұрған 100 отбасыға пәтер кілтін табыстады. Дарияның сол жағалауынан тұрғызылған жаңа қаладан «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тағы да 50 пәтерлік екі үй пайдалануға беріліп, баспаналы болған тұрғындар қуанышқа кенелді.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Пәтер кілтін алған тұрғындар арасында әскерилер, полиция қызметкерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, мәдениет саласының мамандары және зейнеткерлер бар.

– Бұл күн – Тәуелсіз еліміздің тарихындағы Тұңғыш Президентімізді айқындаған айтулы күн, халықтық мереке. Әр қазақстандықтың санасында Тәуелсіздік ұғымының бір баламасы болса, ол Елбасының мәртебелі есімімен тікелей байланысты. Бүгінгі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Елбасының кеменгерлік стратегиясын, өнегелі үрдісін лайықты жалғастырып, баршаға ортақ игілік пен өрлеудің, сабақтастықтың жарқын үлгісін көрсетуде. Қазақстан тәуелсіздік жылдарында толымды табыстарға қол жеткізсе, оған Сыр елі де өз үлесін қосып келеді. Соңғы жылдары аймағымыз қарқынды

құрылыс алаңына айналды. Биыл облыста барлық қаржыландыру көздерінен 1946 пәтерді құрайтын 94 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Қызылорда қаласында жыл басынан бері 580 пәтерді құрайтын 13 тұрғын үй пайдалануға берілді. Тағы бір мақтанышымен айтатын жаңалығымыз жыл аяғына дейін қаламызда 680 пәтерді құрайтын 14 арендалық тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, қабылданады. Бүгінгі пәтер иелерін қуаныштарымен және 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа баспаналарыңыз татулық пен берекенің ордасы болып, шаңырақтарыңызда қуаныш пен бақыт, күт пен ырыс салтанат құрсын, – деді облыс әкімі. Шарада өңір басшысына №144 мектептің мұғалімі Бибігүл Садыкова қоныстанушы тұрғындар

атынан алғыс білдірді. Сондай-ақ «Ана мен бала» перинаталды орталығының дәрігері Бағжан Сәдуақасова тілшілермен өз қуанышын бөлісті.

– Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай жаңа пәтердің кілтін алдық. 2014 жылдан бері «Тұрғын үй жинақ банкі» салымшы болып, «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы арқылы баспанаға қол жеткіздік. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан барлық қолдауға алғыс айтқым келеді. Елбасымыз бен Мемлекет басшысына және облыстағы басшыларымызға ризашылығымды жеткіземін. Қуанышты күндер көп болсын, – деді ол.

Пайдалануға берілген қос үйдің құрылысы быттыр маусым айында басталған. Құны 1 млрд теңге болатын жобаны «Авангард» және «Дәнекер» ЖШС мердігер мекемелері жүзеге асырды.

Бүгінде Қызылорда қаласында 1741 пәтерлік 38 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Сырдарияның сол жағалауында құрылысы жүріп жатқан 725 пәтерлік 15 көпқабатты тұрғын үйдің 14-і биыл пайдалануға беріледі. Келер жылы СПМК-70 ауданы бойынша 13 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталады.

● БӘРЕКЕЛДІ!

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН ӘН ЖҮРЕКТЕРГЕ ЖЕТТІ



Бүгінгі күннің басты жаңалығы – Junior Eurovision XVIII ән байқауында Қазақстан намысын қорғаған Қарақат Башанованың жеңісі. 12 жасар әнші «Мәңгілік» әнін орындап, екінші орыннан көрінді. Дегенмен, бұл ән көптің жүрегіне бірінші орыннан табылғаны рас. Жас әншінің мұндай әнді таңдағанын және тыңдарманның бұл әуенді неліктен сарыла іздегенін әлеуметтік желіде зерделеген едік.

Қарақат бұл әнді марқұм әкесіне арнаған. Сондықтан болар, тыңдарман оған бей-жай қарай алмай, кейбірі көзіне жас алыпты. Әлемдік деңгейдегі байқауда әкеге деген мәңгілік сағынышын 2-3 минуттық бір әнмен жеткізген жас әншінің бағындырған биігі аласармайтыны анық. Әннің авторы, композитор Хамит Шаңғалиев те әншінің әкесі оны өнерге әкелгенін, бұл Қарақаттың еңбегінің жемісі екенін жазған.

– Қарақаттан қандай әнді таңдайтынын сұрағанымда, ол әкесіне деген сағынышын жеткізгісі келетінін айтты. Музыкаға жетелеген, баласының бойына өнерді дарытқан да осы әкесі еді. Жас өнерпаз әке үмітін ақтады. Ауылдан келген қыздың арманы орындалды, – деп жазады Х.Шаңғалиев.

18-Junior Eurovision ән байқауының жеңімпазы қазылар алқасының дауыс беруі және онлайн-дауыс беру арқылы анықталып отыр. Бұл байқауда Францияның атынан қатысқан Валентинаға бірінші орын бұйырса, үшінші орынды испаниялық Солеа иеленді. Биылғы Junior Eurovision-ға Беларусь, Франция, Грузия, Қазақстан, Мальта, Нидерланды, Ресей, Сербия, Испания, Украина, Польша және Германия елдерінің өкілдері қатысты. Айта кетейік, Қазақстан Junior Eurovision ән байқауында алғаш рет 2018 жылы бақ сынады. Онда Данэлия Төлешова «Өзің сен» әнімен алтыншы орынға ие болды. Өткен жылы Ержан Максим де жүлделі оралды.



ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ СЫР ЕЛІ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қадам басып келеміз. Тарихи тұрғыдан бағамдасақ, бұл көп уақыт емес. Десек те, іргетасын бекітіп, негізін қалаған Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастауымен тәуелсіз Қазақстан мемлекеті дүниежүзілік картада өз орнын қалыптастырды.

**Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА,
Қызылорда облысының әкімі**

Тарихты қашан да тұлғалар жасайтыны белгілі. Әлемдегі әр халықтың өз дәуірлеу тарихы болса, сол кезеңде басшылық еткен тұлғаның да істеген ісі мен ізі қалады.

Осы орайда, бүкіл түркі әлеміне ортақ тарихи тұлға, философ, абыз Қорқыт атаның «Ауыр жүктің мәнатын тұғыр емес, тұлпар білер» деген тәмсілі тәуелсіз еліміздің жүріп өткен жолындағы кездескен қиындықтар мен күрделі кезеңдер кемеңгер Көшбасшының ерекше қажыр-қайратымен еңсерілгенін айқындай түседі.

Тарих болашаққа дұрыс қадам жасауға жәрдемдеседі. Тұңғыш Президент күні мерекесінің бекітілуі де – халықтың Елбасына деген шынайы құрметі мен ыстық ықыласының белгісі.

Тәуелсіздіктің алғашқы қалыптасу жылдары ешкімге де оңай тимегені рас. Әсіресе, Елбасы «Алаштың анасы» деп атаған Сыр елі әлемдік проблемасымен жеке-дара қалғандай кезең туған еді.

Кезінде жал-жал толқыны жағаға ұрған Арал теңізі планетамыздағы ең үлкен теңіздердің қатарында болғаны белгілі. Суы тартылып, апатқа ұшырағанға дейін қойнауы бағалы балыққа бай, жағасы қорғалы, қамысты су айдыны еді. 1960 жылдардан бастап Арал аймағын игеру қолға алынып, Сыр мен Өму бойындағы мемлекеттердің игерілетін жер көлемі еселеп ұлғайып, халқының саны артты, қажеттілік те көбейді. Екі өзен бойында суды қажет ететін күріш, мақта дақылдарының қарқынды дамуынан Аралға күйылатын су мөлшері азайды. Судың тұздылығы артты. Тыңайтқыштарды, химиялық препараттарды толассыз пайдалану салдарынан Арал өңірі экологиялық апатқа душар болды.

Бұл адамзат баласының қолдан істеген қателігі ретінде әлемге танылды. Мәселелер тек экологиялық күрделі жағдайға ғана емес, әлеуметтік-экономикалық дамуға да қатысты еді. Жергілікті тұрғындардың жаппай көшуі басталды. Балықшылар Қапшағай, Балқаш, Каспий сияқты өзге аймақтарға кете бастады.

Тәуелсіздік жылдары ішінде Арал проблемасына және оның адамзатқа тигізген зардабына үлкен мән берілді. Елбасының қолдауымен 1992 жылы 30 маусымда «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» заң күшіне енді. Осы заң бойынша Қызылорда облысы ғана емес, экологиялық дағдарыс жағдайына жақын-даған аймаққа Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар (бұрынғы Мұғалжар ауданының елді мекендері шекарасының шегінде), Темір аудандарының, Түркістан облысының Арыс (оның ішінде Арыс қаласы), Отырар, Созақ, Шардара аудандарының, Түркістан қаласының және Кентау қаласының Шаға, Жаңа Иқан, Ескі Иқан, Ұшқайық, Иассы, Оранғай, Қарашық, Жүйнек, Бабайқорған, Шорнақ, Жібек жолы, Майдантап ауылдық округтерінің, сондай-ақ Қарағанды облысының Ұлытау ауданының (бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданының елді мекендері шекарасының шегінде) аумақтары кірді. Бүгінде бұл заң Арал маңы халқының әлеуметтік мәселелерін жақсартуға айтарлықтай үлес қосып келеді.

Орталық Азия елдерінің басшылары 1993 жылдың 26 наурызында Қызылорда қаласында өткен саммитте бас қосып, Арал теңізі және Арал маңы экологиялық сауықтыру, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету мәселелерін шешуде бірлесіп қызмет ету туралы мәлімдеме қабылдап, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен Халықаралық Аралды құтқару қоры (ХАҚҚ) құрылды.

Ел ертеңіне сенген Елбасы – Аралды сақтап қалу мақсатында ғасыр жобасы атанған – «Сырдария өзенінің арнасын реттеу

және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасы жөнінде тарихи шешім қабылдады. Мұны қазір саяси тұрғыдан да, экономикалық тұрғыдан да өте көрегендікпен жасалған шешім деп айтуымызға әбден болады.

Осы ретте, Мемлекет басшысы ретінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қасиетті Арал топырағында тұрып «Мен Аралға көмектессем деген арманымға жеткеніме қуаныштымын» деген сөзі Арал халқының жүрегіне берік орнықты.

Бүгінгі күні балық шаруашылығы қайтадан облыс экономикасының маңызды саласының біріне айналды. Кетіп қалған балықшылар туған жеріне қайта оралып, ата кәсібін жандандырды. Жобаның (САРАТС-1) бірінші кезеңін іске асырудың нәтижесінде Арал теңізіндегі балықтың көптеген биологиялық түрі қалпына келтірілді. Осы уақыт ішінде өңірде балық аулау көлемі 20 есеге, 400-ден 8 мың тоннаға дейін ұлғайды. Қазір теңізде 24-тей балық түрі бар.

Арал балығы Қазақстанда ғана емес, одан тыс жерлерде, тіпті Еуроодақ елдерінде де танымал, олардың ішіндегі ең құндысы – мұртты табан, сазан, акмарка, табан, жайын, көксерке, қаракөз, шортан, алабұға.

Бүгінде өңірде 9 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді, олардың 4-інде Еурокод бар. Соңғы 5 жылда балықты қайта өңдеу 14%-ға, ал оның экспорты 2,5 есеге өсті. Балық өнімдері таяу және алыс шетелдің 14 еліне – Ресей, Грузия, Беларусь, Литва, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Германия, Польша, Қытай, Чехия, Нидерланды, Аустрия, Данияға экспортталады.

Өңірдің балық саласының әлеуеті жоғары. Арал теңізі, Сырдария өзені, 207 балық шаруашылығы су айдыны – мұның бәрі аквамәдениет өсіруде пайдаланылады.

Биыл Қызылорда облысында балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасы жасалды. Бұл тауарлық балық көлемін 34 есеге арттыруға мүмкіндік береді.

Өткен жылы Қызылорда облысына жұмыс сапарымен келген Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Елбасының бастамасы бойынша «Сырдария арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасы іске асырылуда. Осы жобаның және Көкарал бөгетінің арқасында Кіші Аралдағы су қалпына келді. Мәселелер мұнымен шектелмейді. Көкарал бөгетінің төменгі жағын Сырдария ағыны бұзғып жатыр. Дереву қолға алмасақ, Кіші Аралдан айырылып қалуымыз мүмкін. Осы уақытқа дейін жиналған 27 млрд текше метр су зая кетпеуі керек», деп Үкімет пен әкімдікке тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

Осы жылдың мамыр айында Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі өкілдерімен бірге Арал ауданына барып, Көкарал бөгетінің жұмысымен танысып, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу мен Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС) жобасының II фазасын іске асыру мәселесін, Көкарал бөгетінің жұмысын қалпына келтіруді талқылады. Бұл бағытта жұмыстар басталып кетті.

Осылайша, балық кәсібі жанданған Сыр елі Қазақстанды ғана емес, шет мемлекеттерді де қамтамасыз етуге мүмкіндігі мол өңірге айналды.

Тұңғыш Президентіміздің көрегендігі мен дер кезінде жүзеге асырылған саяси экономикалық реформалар арқылы Қазақстан экономикасын түзеіп, тығырықтан шықты. Тұңғыл бетбұрыс басталды. 2000 жылдың басында Еуропа қауымдастығы, ал 2002 жылы Америка тарапынан Қазақстан нарықтық экономикасын қалыптастырған ел ретінде танылды.

АҚШ-тың аты аңызға айналған Президенті Джордж Буш (үлкені): «Сіздің қиын-қиыстау кезеңдердегі ұстанған саяси және экономикалық реформаларыңыз – әлемдік



саясаттағы үлкен жетістік деп білеміз» – деп үлкен құрметпен жазуы сөзімізді дәлелдей түседі.

Елбасының тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономиканы дамыту мен инвестиция тарту мәселесі ел дамыған сайын маңыздылығын жоймайды, керісінше, әрбір күрделі кезеңде соған қайта оралып, ісімізді пысықтап келеміз.

Осы ретте, биыл сынаққа айналған пандемия кезеңі бізден жұмысымыздың бағытын өзгертуді, дұрыс үйлестіруді талап еткені белгілі. Өңірімізде, елімізде ғана емес, әлемде экономика дағдарысқа ұшырады. Осы кезеңде жұмысты дұрыс үйлестіре білмесек, одан шыққан уақытта тіпті дағдарып қалуымыз әбден мүмкін.

Сол себепті, агломерациялық тәсіл негізінде қызмет түрлері бойынша саралау арқылы облыстың 2023 жылға дейінгі экономикалық қартасын әзірлеп, оның шеңберінде бизнеске 4600-ден астам тұрақты жұмыс орындарын құруға мүмкіндік беретін жалпы сомасы 270 млрд теңгеден асатын 265 жобаны іске асыруды жоспарлады.

Қазіргі таңда аймақ өңірлік экономиканы әртарапандыруды жалғастыруда. Индустрияландыру бағдарламасының үшінші бесжылдығы аясында облыста 554 млрд теңге қаражатқа 6 мыңнан астам жұмыс орны құрылатын 26 жоба іске асуда. Олардың ішінде шыны, кальцийленген сода, пластик шыны және сорғы-компрессорлық құбырлар шығару, түйе сүтінен құрғақ ұнтақ өндіру, ет комбинаты, құс фабрикасы бойынша өндірістер құруға бағытталған экспортқа бағдарланған индустриялық жобалар бар. «Арал тұз» АҚ-да ас тұзын өндіру бойынша 3 испан цехын құру, «Шалия» қорғасын-мырыш кен орнында кен байыту комбинатын салу, кварц құмдарын байыту бойынша жобалар іске асырылуда. Тек осы жобалар аясында өңір экономикасына 25 млрд теңгеден астам инвестиция салу жоспарланып отыр.

Елбасы айтқан жалпыға бірдей еңбек қоғамының идеясы – әрбір адам еңбек етеі, отбасының нәпакасын табуы қажет.

Осы орайда, бизнеске көп-балалы аналар да тартылуда. «Еңбек» бағдарламасы бойынша бизнес-идеяларды іске асыруға 602 көпбалалы ана грант алды.

Карантиндік шектеулер кезінде шамамен 54 мың кәсіпкер салық жеңілдік алды, 5 мыңнан астамы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру, 9 мың сауда алаңы 700 млн теңгеге жуық сомаға жалдау төлемін төлеуден босатылды, жыл соңына дейін мемлекеттік меншікті жалға алатын 194 шағын және орта бизнес субъектісі де босатылды.

Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру нәтижесінде жыл басынан бері 19 мыңға жуық жана жұмыс орны құрылды, оның 14 мыңы – тұрақты жұмыс орны.

«Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 277 инфрақұрылымдық жобаны іске асыру арқылы 9,5 мыңға жуық адам жұмысқа орналасты. Жұмыссыздық деңгейі 4,9% деңгейінде сақталуда.

«Еңбек ер атандырады» демей ме халқымыз. Сындарлы сәттерде де сағы сынбаған еңбеккер Сыр халқының үлгісіндей Азғал Ералиев пен Юрий Пя Тәуелсіз Қазақстанның Еңбек Ерлері екенін осы жерде мақтанышпен атап өтсем деймін.

Қызылорда облысы күріш өндіруші аймақ ретінде белгілі. Биыл күріштің әр гектарынан 61,8 центнерден өнім алынып, астам өнім жиналды, жоғары көрсеткішке жеттік. Күріш дақылдарын тұрақтандыру және суды аз қажет ететін дақылдарды кенейту туралы шешім қабылданды. Қазіргі заманғы суару жүйелеріне: акагельдерге, жаныбарлату, тамшылау жүйелеріне назар аударылады. Жаңақорған ауданында алғаш рет акагельдерді пайдалану отырып, күздік бидай 80 гектарға егілді, гектарына орта есеппен 18 центнерден өнім алынды.

Сыр елінен алғаш рет Германияға 420 тонна қамыс, Ресейге қызанақ пен мұздатылған көкөніс жөнелтілді. Әлемнің 17 еліне ауыл шаруашылығы өнімдерінің 11 түрі экспортталды.

Қазіргі таңда көгілдір отынсыз жайлы тұрмысты көзге елестетудің өзі қиын. Тіпті мемлекеттің болашағы да көп жағдайда осы саланың дамуымен байланысты десек болады.

Осы ретте, Елбасы тапсырмасымен 2014 жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбырын салу жобасы іске асты, оның 846 шақырымы Қызылорда облысы арқылы өтеді. Бұл ауқымды жобаны осы жылдар ішінде іске асыру Қызылорда, Байқоныр қалаларын және облыстың 7 аудан орталығының 4-ін газдандыруға мүмкіндік берді.

«Қараөзек» қуатты газ компрессорлық стансасы салынды, ол Нұр-Сұлтан қаласында газ құбырының құрылысын бастауды қамтамасыз етті.

Елді мекендерді газдандыру – Елбасы көтерген бес қағамның бірі. Осы орайда, биыл төтенше жағдай режимі мен шектеу шараларына қарамастан, 5 мыңнан астам адам тұратын Арал ауданының Жақсықылыш кентіне газ берілді. Жыл соңына дейін қалған 3 аудан орталығының (Жосалы, Жалағаш, Теренөзек) тұрғындары мен тұрғындарының жалпы саны 50 мың адам болатын Жаңақазалы ауданындағы Ғани Мұратбаев, Шиелі ауданындағы Байсын елді мекендеріне газ беру жоспарлануда. Нәтижесінде, ағымдағы жылдың соңына дейін халықтың 70%-ы табиғи газға қол жеткізе алады.

Қызылорда облысы – Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияда ғарыштық кешен

орналасқан стратегиялық маңызы бар өңір. Ғарышты игеру бүгінде өркениетті әлемнің басты мәселесіне айналғаны анық.

Елбасының қолдауымен 1991 жылы 2 қазанда Байқонырда алғаш рет қазақ Токтар Әубәкіров ғарышқа аттанды. Бұл еліміздің ғарыштық әлеуетін дамытуға серпін берді. 1993 жылдың ақпан айында Тұңғыш Президентіміздің Жарлығымен отандық ғарыш саласын дамытатын өкілетті мемлекеттік орган құрылды. 1994 жылы Қазақстан мен Ресей Байқоныр ғарыш аймағын сақтап қалу мен қалпына келтіру мақсатында мемлекетаралық келісімге қол қойылып, елдегі ғарыштық құрылымдардың инфрақұрылымы жүйеленді. Содан бері Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтер қазақ баласының ғарышқа ұшу ғана емес, ғарышта ғылыми зерттеулер жүргізу арманына жол ашып берді.

Байқонырдағы қазақстандық азаматтарға жағдай жасауға енді көңіл бөліне бастады. 30 жылда алғаш рет «Нұрлы жер» бағдарламасымен өткен жылы бес 50 пәтері тұрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен бірге 2021 жылы тағы да пәтерлер салынып, су жүйесі жаңғыртылады.

Саяси қайраткерлер өмірін зерттеушілер Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи тұлғасын зерделеуде оның ең әуелі ішкі тұрақтылықты және халықтың бірлігі мен келісімін қамтамасыз ете алуы мемлекетті жаңаша қалыптастыру ісінде зор рөл атқарғанын алға тартады.

Егемендіктің бастапқы жылдарында мемлекет құрушы қазақ халқының саны 40% ғана болуы тәуелсіздікті қолдауға ұстап қалуға едәуір қауіп туғызғаны ақиқат. Елімізді мекен еткен барша ұлыстарға ортақ болашақты бірлесіп қалыптастырмай тағдырласа өмір сүру мүмкін емес екенін, заманауи қуатты мемлекет құру жолында жұмылған жұлдырқайы бірде еңбек ету қажеттігін сөз жүзінде айттып қана қоймай, іс жүзінде дәлелдеп берді.

Расында, Елбасы ешбір мемлекетте болмаған бірегей қоғамдық институт – Қазақстан халқы Ассамблеясын құрып, этносаралық қатынастарды жетілдіруде жемісті істерге жол ашты. Осы жылдар ішінде ҚХА өзінің басты міндетін нәтижелі орындады: қоғамдық-саяси қамтамасыз етті және мемлекеттік құрылымдар мен азаматтық институттардың этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттырды.

Қызылорда облысында 35 этнос өкілі (815 мыңдай адам) тұрады. Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы жанында 11 этномәдени бірлестіктен басқа бірнеше құрылым бар. Олар коронавирус инфекциясымен күрестің шарықтау шегінде халыққа қайырымдылық ша-

раларын толассыз ұйымдастырып, медицина қызметкерлеріне материалдық және қаржылай көмек беріп, 460 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылды. Маусымдық жұмыс барысында бұл көрсеткіш 1300-ге жетті. ҚХА мүшелері Арыс қаласындағы апат пен Мақтаарал ауданындағы су тасқыны кезінде де ел бірлігінің үлгісін көрсетті.

Елбасының «Бірлесіп білген ел бәрін жеңеді» деген сөзі ісімізді қуаттай түседі.

Азаматтық қоғамның ажырамас бөлігі – еріктілер. Қызылорда облысы республика бойынша осы жылдың басында алғашқылардың бірі болып 700-ге жуық еріктіні біріктіретін «Сыр еріктілері штабын» құрды. Сыр волонтерлары пандемия кезеңінде 1000-нан аса шара ұйымдастырды, көмекке мұқтаж жандарға 11 баспана салып берді.

Елбасының тапсырмасымен «Birgemiz Qyzylorda» өңірлік қоры арқылы 24 мыңнан астам отбасына 50 мың теңге (1,2 млрд теңге) көлемінде көмек көрсетілді. Ал 12 мыңнан астам отбасына азық-түлік пен тұрмыстық техника алуға 129,8 млн теңге бөлінді.

Көз ілесіп шапшаңдықпен даму үстіндегі жаһандану дәуірінде ұлттық жадымыз бен ел тұтастығын, рухани қазыналарымызды сақтап қалу – аса маңызды. Осы орайда, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызы зор оқиға ғана емес, ұлттық мүдденің ұлы мұраттарын айқындайтын жаңа идеологиялық тұжырымдама ретінде танылды.

Сыр елі қалың қазақтың қаймағы бұзылмаған, салт-дәстүріміз сақталған мекен екені баршаға мәлім. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, Сырдың қасиетті жері бүкіл қазақ халқының тарихи өлшемі болып табылады. Бұл өңірде данағөй абыз Қорқыт ата дүниеге келді, бұл жер – Шығыс өркениеті орталығының бірі, Түркі мәдениетінің алтын көмбесі. Арал өңірінде мемлекеттіліктің қалыптасу тарихы туралы көптеген деректер сақталған. Қызылорда облысының аумағында әр дәуірде төрт бас шаһар: Сак мемлекетінде – Шірік-Рабат, оғыздарда – Жанкент, қыпшақтар, Ақ Орда және Қазақ хандығында – Сығанақ, ал Кенес тарихында қазақ атауы қайтарылған Қызылорда Қазақ АКСР-ның алғашқы астанасы болып қалды.

Бұл ретте, барша түркі жұртының данасы, ұлы ойшыл, ғұлама Қорқыт атаны әлемге таныту мақсатында Сыр елі халқының ұсынысы Елбасы тарапынан әрдайым қолдау тауып отырғанын айтуымыз керек. Осылайша, 2018 жылы ЮНЕСКО-да «Қорқыт ата мұрасы» ғаламдық материалдық емес мұралар тізіміне енгізілді, бүкіл әлемге танылды.

Биыл еліміз үшін де, өңіріміз үшін де айыштық оқиғаларға толы жыл екені белгілі. Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің – 1150, Ұлық ұлыстың – 750, хакім Абай Құнанбайұлының – 175, Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 75 жылдық мерейтойлары өңірімізде жоғары деңгейде аталып өтілуде. Жыл басынан бері осы мерейтойлар аясында 2 мыңға жуық мәдени іс-шара ұйымдастырылды.

Мерейтойлық шаралардың ішінде шоқтығы биік өнер туындысы – Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсы Сыр жерінде алғаш қойылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ежелгі Бәбіш-Мола, ортағасырлық Сортөбе, Жанкент, Сығанақ, Қыпшақ, Асанас қалашықтарында Сак дәуірінен бастап Қазақ хандығына дейінгі тарихи кезеңдерді қамтитын тарихи-археологиялық зерттеулер жүргізілді. Бұған қарап, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Тәуелсіздік жылдарындағы жетістікті бір ғана Қызылорда облысынан көруге болады» деген сөзі қасиетті Сырдың заманауи келбетін айқындап тұрғандай көрінеді.

Елбасымыз айтқандай, «Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болашағымыз жарқын болсын!».

Тәуелсіздігімізге ешкім сына қақпасын, тұңғыры мәңгілік берік болсын!

Елі сүйген, елін сүйген кемеңгер Елбасымыз аман болсын!

МИНИСТР МҰНАЙ МЕКЕМЕЛЕРІН АРАЛАДЫ



Қазақстан Республикасының Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев пен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыс орталығында орналасқан «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС қызметімен оның ішінде, «Зияткерлік кен орны» жобасының жұмысымен танысты деп хабарлайды облыс әкімінің баспасөз қызметі.

1993 жылы қызметін бастаған аталған мекеменің бағыты мұнай және газ өндіру. «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС балансында 5 бөлек мұнай және газ кен орындары бар, 746 адамды жұмыспен қамтып отыр. Атап айтқанда, Орталық Ақшабұлақ, Шығыс Ақшабұлақ, Оңтүстік Ақшабұлақ, Нұралы және Ақсай.

2019 жылы мұнай өндіру көлемі 2,2 млн тоннаны құрады. Осы жылдың жоспары бойынша 1,5 млн тонна мұнай өндіру қажет болса, 10 айда 1,3 млн тонна өндірілді.

ҚР Энергетика министрлігінің отын-энергетика кешенін цифрландыру бойынша бекітілген Жол картасы аясында «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС өткен жылы

«Зияткерлік кен орны» цифрлық технологиясын енгізді.

Аталған технологияны енгізу мұнай өндіруді 1-2%-ке дейін, айлық есептік көрсеткішті 700 күнге дейін ұлғайтуға, операциялық шығындарды 10%-ке қысқартуға және басқару шешімдерінің тиімділігін 20%-ке дейін арттыруға ықпал етеді.

Министр мен облыс әкімі «Энергосервис» ЖШС-на барып, төлем жүйесі, бірыңғай төлем құжаты, сервистік қызмет көрсету секілді қызметтерін көрді.

Кәсіпорынның басты бағыты – тұтынушыларды электр энергиясымен қамтамасыз ету. Қызметін 1998 жылы бастаған серіктестікте қазір 92 адам жұмыс істейді.

Кәсіпорын өз қызметінде ақпараттық технологиялар мен төлемнің заманауи әдістерін белсенді қолданады. Тұтынушыларды хабарлар ету үшін sms-хабарландыру, қоңырау шалу, сондай-ақ компанияның веб-сайты және мобильді қосымшасы пайдаланылады. 2017 жылы «Энергосервис» ЖШС Бірыңғай есептеу орталығы ретінде үш коммуналдық қызметпен (жарық, су және жылу) бірыңғай төлем құжатын енгізуді бастады. Бірыңғай төлем қағазы – Telegram-bot, sms, АВТО қоңырау шалу, онлайн төлемдер, веб-сайт және жеке кабинет, екінші деңгейдегі банктердің мобильді платформалары және өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары кіретін қызметтер кешені. 2019 жылдан бастап БТҚ-ға Мемлекеттік кірістер департаменті үшін мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы туралы ақпарат енгізілді.

Сондай-ақ, делегация «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ-ға барып, жұмыс барысын көрді. Акционерлік қоғам жұмысын 1986 жылы бастаған. «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» – Оңтүстік Торғай бассейніндегі барлау блоктарынан, яғни, Құмкөл (оңтүстік-шығыс бөлігі), Оңтүстік Құмкөл, Шығыс Құмкөл, Солтүстік Нұралы, Арысқұм, Қызылкия, Солтүстік-Батыс Қызылкия, Майбұлақ, Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ мұнай кен орындарын игеруді жүзеге асыратын мұнай өндіруші компания. Жалпы 1560 адамды жұмыспен қамтып отыр. 2019 жылы мұнай өндіру көлемі 933 мың тоннаны құрады. 2020 жылға арналған жоспар 691,5 мың тонна. Өткен 10 айда 625 мың тонна мұнай өндірілген.

Мұнымен қатар министр сол жағалаудағы музейді аралап, тарихи орындардың галереясымен танысты. «Болашақ» университетінің жаңа корпусына барып, оқу процесін бақылады. Заманауи үлгіде салынған университеттің материалдық-техникалық базасын тамашалады.

ҚР Энергетика министрі Н.Ноғаев өңірдегі әрбір бастамаға сәттілік тілеп, көтерілген ұсыныстарға қолдау көрсетілетінін жеткізді.

МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬ ТАБЫСТАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ел игілігі жолында қызмет етіп жүрген бірқатар азаматтарды «Конституцияның 25 жылдығы» медалімен марапаттады. Аймақ басшысы Тәуелсіздікті тұғырлы етіп, Ата заңды берік темірқазаққа айналдыруда өзіндік үлес қосқан азаматтардың еңбегі зор екенін атап өтті.

Сб Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»



– Бүгін біз Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесі қарсаңында кездесіп отырмыз. Ел басқару қашанда онай болған емес. Ал, Тәуелсіздікке қолы жаңа жеткен мемлекетті қалыптастыру әлемдік деңгейдегі қайраткердің ғана қолынан келетінін тарих сан мәрте дәлелдеді. Сондықтан, егеменді ел болып қалыптасудың бастауында тұрған бұл мерекенің баршамаңыз үшін тарихи маңызы зор. Осыдан 25 жыл бұрын Елбасының баспасымен егеменді еліміздің Конституциясын қабылдау халықтың таңдауына берілді және қазақстандықтар оны бірауыздан қолдады. Осы уақыт аралығында Ата Заңымыз уақыт сынынан сүрінбей өтті. Соның арқасында біз халқымыздың әл-ауқатын арттырып, экономикамызды дамыта алдық. Ұлы Дала төрінде қуатты мемлекет құрып, ұлттарды бірлік пен тату тірлікке ұйыстыра білдік.

Биылғы жыл еліміз үшін сындарлы кезең болды. Осындай күрделі кезеңде Сыр халқы да ата-бабының асыл дәстүрін жаңылмай, бір-біріне демеу болып, елдігін көрсетіп, бірлігін танытты. Біздің облысымыздан да қоғамдық тұрақтылықты нығайту мен еліміздің әлеуметтік-экономикалық,

мәдени-рухани дамуына үлес қосқан бірнеше азамат осы марапатқа лайықты деп танылып отыр, – деді облыс әкімі.

Мұнан соң аймақ басшысы Конституцияда бекітілген нормалар өзінің өміршеңдігін, заман талабына лайық екенін дәлелдегенін тілге тиек етіп, бірқатар азаматтарға Мемлекет басшысының Жарлығымен «Конституцияның 25 жылдығы» мерекелік медалін табыстады.

Олардың қатарында Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының облыс бойынша бас имамы Болат Абуов, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов, облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Талғат Лиясов, облыстық тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитормы Қаламқас Нұрымбетова, сондай-ақ, өңірдің рухани-мәдени дамуына елеулі үлес қосып жүрген облыстық филармония артисі Ақмарал Ноғайбаева, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік қызмет орталығының сектор меңгерушісі Майра Сәрсенбаева, облыстық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Серік Сермағанбетов, волонтер Динара Эшатова бар.

● ПІКІР-ПАЙЫМ

ТАРИХИ ШЕШІМНІҢ ЖЕМІСІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Елбасы және Сыр елі» атты мақаласы тәуелсіздік жылдарынан бергі кезеңді қамтитын, сол сындарлы сәтте бөлікті қолға алған Нұрсұлтан Әбішұлының бүгінге дейін атқарған дәйекті саясатын кен көлемде талдауға құрылыпты.

Тұңғыш Президент Сыр бойына бірнеше мәрте келді. Біз оның талай рет куәсі болдық. Ол кісінің, әсіресе, тартылған теңіздің зардабын жеңілдетуге байланысты халықаралық деңгейде қабылдаған шешімдерінің құндылығына тарихи өлшеммен алғанда баға жетпейді.

Экология зардабы салдарынан халықтың денсаулығы төмендеді. Жұмыссыздық деңгейі өсті. Осыған байланысты әлеуметтік қолдаудың пәрменін күшейтіп, халықтың денсаулығын жақсартуға бағытталған шешімдердің игілігін ел бүгінге дейін көріп отыр.

Облыс әкімі Елбасының тарихи шешімдерінің өмірдегі нақты жүзеге асуын дәйекті мысалдармен келтіреді. Халықтың денсаулығы жақсарумен бірге экономиканың экспорттық потенциалы артты. Сырда балық өндірісі жақсы дамыды. Мал басы өсті. Осының барлығы – Тұңғыш Президенттің өз мезгілінде қабылдаған шешімдерінің жемісі.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері, денсаулық саласының ардагері.

КЕЛБЕТІ КӨРКЕМ, КЕУДЕСІ КЕМЕЛ СЫР ЕЛІМ

Еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстанда» жарияланған облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың «Елбасы және Сыр елі» атты мақаласын қанағат сезіммен оқып шықтым.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кешегі экономикалық өтпелі кезеңде Сыр еліне жасаған жақсылықтары әрбір қызылордалықтың есінде. САРАТС жобасы, Байқоңыр мәселесі, ауыл шаруашылығын қолдауға арналған бағдарламалар, мәдени мұра төңірегіндегі атқарылған айтулы жұмыстар – Мемлекет басшысының тікелей қолдауымен іске асырылды. Мәселен, соңғы жылдары облысымыздан әлемнің 17 еліне ауыл шаруашылығы өнімдерінің 11 түрінің экспортталуы – тәуелсіздік жылдарындағы ауыз толтырып айтатын даму жетістігіміздің бірі.

Г.Әбдіқалықованың мақаласында айтылып өткендей, Сақ мемлекетінде – Шірік-Рабат, оғыздарда – Жанкент, Ақ Орда және Қазақ хандығында – Сығанак, ал Кеңес тарихында қазақ атауы қайтарылған Қызылорда Қазақ АКСР-ның алғашқы астанасы болды. Осының бәрі бір ғана Сыр бойында өмір сүрген астаналар еді. Сол дәуірден бастап қазақтың үш жүзінің басын қосқан киелі өңір бүгінге дейін ұлт тілі мен дәстүрін алтын қандыққа салғандай сақтап отыр. Міне, осыған байланысты Елбасы «Сыр – Алаштың анасы» деген әйгілі сөз тіркесін айтты. Бүгінде бұл шынайы лебіз халық аузында қанатты сөз болып қалыптасты.

Түркі әлемінің ұлы ойшылы, ғұлама Қорқыт атаны әлемге таныту мақсатында Сыр елі халқының ұсынысы Елбасы тарапынан әрдайым қолдау тапқаны анық. 2018 жылы Қорқыт күйлерінің ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралар тізіміне енгізілуі – соның айғағы. Қорқытпен бірге Сыр елінің аты асқақтады. Осыған байланысты Маврикий республикасына сапарлап барып, жерлесіміз, қобызшы Мақсат Мұхамеджановтың Қорқыт күйлерін орындағанынан да хабардар болғанбыз. Бұл біздің рухымызды көтерген оқиғаға айналды.

Мақалада Сыр елінің жетістіктерімен бірге рухани түлеуіне де кең орын берілген. Экономиканың дамуы мен мәдениеттің кемелденуі қатар жүрген елде тек жақсылық пен ізгілік болатыны айдан анық.

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,
академик, қоғам қайраткері



КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ТОЛАСТАМАЙДЫ

Сыр өңірінде осы кезге дейін 3290 адамнан коронавирус инфекциясы анықталған. Тамыз және қыркүйек айларында қатерлі індет жұқтырғандар саны біршама төмендеген еді. Соңғы екі айда олардың саны қайтадан көбеюде. Атап айтқанда, қазан айында 20 жағдай анықталса, қараша айында 28 жағдай тіркелді. Бұл өткен аймен салыстырғанда 40 процентке жоғары.

– Бүгінгі күндері облыста барлығы 210 инфекциялық төсек-орын бар. Жүктеме 5,2%-ті құрап отыр. Жанасқтау бөлімінде ем алып жатқан науқас жоқ. Коронавирус инфекциясы және вирусты пневмония жұқтырған 526 медицина маманының құжаттары «MapCOVID» ақпараттық жүйесіне енгізіліп, олардың барлығына төлем тағайындалды. Жыл басында аталған салада құралдармен жабдықталу 85%-ті құраса, 10 ай қорытындысымен ол 88,5%-ке көтерілді. Инфекциялық стационарлардың реанимация бөлімін құралдармен жабдықтау көрсеткіші де өсті. Айта кетерлігі, облыста инфекциялық стационардың анестезиологиялық және реанимациялық 38 төсек-орны бар, – деді облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов өңірлік

коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Эпидмаусым басталғанда аймақта барлығы 76 өкпені жасанды желдету аппараты (ИВЛ) бар еді. Қазір олардың саны 244 данаға жетті. Алдағы уақытта қосымша 7 аппарат келеді деп күтілуде.

Ахуал күрделенген жағдайда қала мен аудандарда 3000 төсек-орын ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Бүгінде жалпы құны 6,3 млрд теңгені құрайтын модульдік аурухана құрылысы жүруде. Ол төсек-орын санын 200-ге арттыруға мүмкіндік туғызады.

Облыс бойынша 79 желел жәрдем бригадасы халыққа қызмет көрсетуде. Қосымша лизинг арқылы 40 санитарлық автокөлік қараша айында жеткізілді. Бұған қоса, 161 мобильді бригада құрылған. Оның 138-і қазір қызмет көрсетуде.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ХАБАРЫ

«АУЫЛ» ХАЛЫҚТЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ПАТРИОТТЫҚ ПАРТИЯСЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ӨҢІРЛІК ФИЛИАЛЫНЫҢ ПАРТИЯЛЫҚ ТІЗІМІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық заңының 14-бабы 8) тармақшасына және 104-бабына сәйкес Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы 2020 жылғы 27 қарашада «Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы бойынша өңірлік филиалының 5 адамды қамтитын партиялық тізімін мынадай құрамда тіркеді:

1 Умирзаков Серикбай Идрисович	1956 ж.т., Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бас ғылыми қызметкері, Қызылорда қаласында тұрады
2 Нурумбетов Жанарбек Сражович	1969 ж.т., «Ыссаматин» шаруа қожалығының төрағасы, Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылында тұрады
3 Сандыбаев Бауыржан Турсымбаевич	1969 ж.т., «Табыс» шаруа қожалығының төрағасы, Қызылорда қаласында тұрады
4 Умирзакова Лаззат Самуратовна	1976 ж.т., «Мой Доктор» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады
5 Бақберген Нұрлыжан Ақбергенұлы	1995 ж.т., «АрдагерСтройСервис» ЖШС директоры, Қызылорда қаласында тұрады

«NUR OTAN» ЖАҢА МҮШЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ

«Баршаңызды 1 желтоқсан – «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мерекесімен құттықтаймын! Бұл күн – барлық қазақстандықтардың Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні. Тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалау мен шекарасын бекітуде және оны жер – жаһанға танытып, біздің беделді әрі қуатты мемлекетке айналдыруда Елбасының еңбегі ерен. 30 жыл ішіндегі Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық жетістіктері Елбасының елді жаңғыруға бағыттап, болашаққа бағыт-бағдар берген түбегейлі реформалары арқылы жүзеге асырылды.»

Сб Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы»

Облыс әкімі, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесі қарсаңында өткен салтанатты шараның алғы сөзін осындай лебізбен бастады. Мұнан кейін аймақ басшысы ел дамуымен қатар келе жатқан 20 жылдан астам уақытта партия Ұлт Көшбасшысының саясатына берік ұстанымын танытып, Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, рухани дамуын қамтамасыз етуші үлкен саяси ұйымға айналғанын атап өтті.

– Биылғы пандемия кезінде де белсенді әріптестеріміз Елбасының «Біз біргеміз» акциясын қолдап «Nur Otan» халықтық партия екенін тағы да бір дәлелдеді, – деген партия филиалының төрағасы алдағы міндеттерге тоқталды.

25 қарашада өткен кезектен тыс XX съезд партия жұмысын жаңғыртуды қорытындылады. Партияның мықты лидерлері айқындалып, алдағы бағдарлама бекітілді. Бұл тұрғыда барлық партияластар үшін Нұрсұлтан Әбішұлының XX съезде атап өткен жауапкершілік, жддырықтай жұмылу, ортақ мұрат-мақсаттарға жетуде адалдық қағидалары басшылыққа алынуы тиіс. Партияның негізгі ұш қағидасын ұстану – Елбасы саясатының сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Шара барысында бірқатар партия белсенділері «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Олар – партияның

облыстық филиалы жанындағы бақылау комиссиясының төрағасы Бақдаулет Маханов, «Ер-Әлі» ШҚ төрағасы Әліби Бекжанов, «Ел-Арай» қоғамдық қорының төрағасы Асхат Байдәулетов, «Биали» ЖШС директоры Асхат Шәукенбаев. Салтанатты шарада Г.Әбдіқалықова сондай-ақ «Nur Otan» партиясына жаңадан қабылданған азаматтарға партия билетін табыс етіп, партия Төрағасының стратегиялық жоспарын жүзеге асыру жолында белсенді жұмыс жасап, аймақтың өсіп-өркендеуіне лайықты үлес қосатындарына сенім білдірді.

Осы ретте Қызылорда қалалық М.Ералиева атындағы мәдениет үйінің директоры, республикалық «Серпер» сыйлығының иегері, айтыскер акын Нұрмат Мансұр сөз алды.

– Тұңғыш Президент күні қарсаңында елмен бірге дамып, халықпен қатар жасасып, заман талабына сай жанарып, жаңғырып келе жатқан «Nur Otan» партиясының қатарына қабылданғаным үшін қуаныштымын, – деді ол.

Ал Қазақ-Британ техникалық университетінің студенті Евгений Демиденко бүгінгі күн ерекше маңызды екенін айтып, жастар өздеріне артылған жауапкершілік үдесінен шығатынына сендірді.

Шара барысында партия қатарына 13 азамат қабылданды. Ал партияның облыстық филиалына қарасты 11 филиалда жалпы саны 43810 мүшесі тіркелген.



Нұрсұлтан Назарбаев:

Жер шары ерте ме, кеш пе ядролық қарудан арылатынына сенімдімін

Елбасының айтуынша, «ядролық бестікке» де-факто ядролық қаруларға ие мемлекеттер де қосылған. Оларға бұл қаруға ие болуға жақын елдерді тағы қосуға болады. «Екіншіден, ядролық арсеналдың 90 пайызы тиесілі Ресей мен АҚШ-тың қарым-қатынасы өте төменгі нүктеде тұр. Үшіншіден, жарылу қаупі бар тағы бір сюжет қиындап барады. Ол – Вашингтон мен Бейжіңнің текетіресі. Төртіншіден, АҚШ-тың бәрін тегіс қамтитын әрекеттер жоспарынан шығуы Иран және Солтүстік Кореяның ядролық түйінін шешу жолында қосымша кедергілерді туындатты. Бесіншіден, әлемнің жетекші елдері жоғары технологиялы, оның ішінде ғарыштық қарулану көрсеткішінің жаңа бәсекесін қыздыра бастады», – деді.

Нұрсұлтан Назарбаев «Кейбір мәселелер көптің назарын өзіне бұрғанымен, жүрегіңізден орын

1-бет

алған жайтқа көбірек назар аудару керек» деген нақыл сөзді қатысушылардың есіне салды.

«Қазақстан Президенті болған шағымда мен сыртқы саясаттағы жұмысымның біршама бөлігін – ядролық қарудан еркін идеясы мен жетістігіне арнадым. Олай етуімнің себептері де бар еді. Біріншіден, Қазақстан – ядролық қару сынағының бүкіл қайғы-қасіретін сезіне білген мемлекет. Семейдегі полигоннан менің 1,5 миллионға жуық отандасым зардап шекті. Менің жарлығым бойынша әлемдегі ең ірі полигондардың бірі 1991 жылғы 29 тамызда жабылды. Бұл шешім – ядролық сынақтарға заңды түрде тыйым салатын адамзат тарихындағы ең алғашқы шешім болатын. Кейін басқа мемлекеттер де өз полигондарын жапты. Осылайша менің елімің үлгісін басқа елдерде де қолдап, бұл бастама жаһандық сипатқа ие болды. Сонымен қатар бұл шешім 1996 жылы бәріне ядролық

сынақтарға жаппай тыйым салған келісімге негіз болды», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы Қазақстанның бастамасы бойынша 2010 жылы 29 тамызды – Біріккен Ұлттар ұйымы ядролық сынақтарға қарсы халықаралық күні деп жариялағанын еске салды. Содан бері осы күн бүкіл әлемде жыл сайын аталып өтеді.

«Екіншіден Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін қуаты төртінші орында тұрған ядролық қару арсеналынан бас тартты. Тарих бұл қадамның дұрыстығын растап берді. Біз өзіміздің осы батыл үлгімізбен прогресс пен гүлдену жолына бейбіт жолмен жетуге болатынын көрсеттік. Үшіншіден, Қазақстан ядролық қарусыздандыру бойынша барлық келісімдерге қатысты. Осынау маңызды бастамада бізге қосылғандарға алғыс ретінде мен «Ядролық қарусыз әлем мен жаһандық қауіпсіздік үшін» сыйлығын бекіттім. Қазақстанда одан бөлек кез келген мемлекетке бейбіт

атом саласын дамытуға мүмкіндік беретін МАГАТЭ банкі құрылды», – деп атап өтті.

Сөз соңында Елбасы кенеске қатысушыларға жаппай қырып-жоюға бағытталған қаруларға қарсы күрес – оңай емес екенін есіне салды.

«Алайда Рузвельт айтқандай, «Істеген ісіне сенсең, оның өзі шаруаның жартысын еңсергенің» деп кеткен. Осыған байланысты ядролық қауіпсіздік пен ядролық қарулар еркін әлем көшбасшыларының жаһандық альянсын құру жолындағы менің бастамамды қолдаған баршаңызға алғысымды білдіремін. Альянсты құру және мақсатын айқындау жолында қабылдаған ашық мәлімдемеміз – бұл бағыттағы нақты практикалық кадам. Мен Жер шары ерте ме, кеш пе ядролық қарудан босайтынына, менің «ӘЛЕМ. XXI ҒАСЫР» манифестімнің басты міндеті орындалатынына сенімдімін», – деп түйіндеді Елбасы.

САБАҚТАСТЫҚТЫҢ САРА ЖОЛЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылында халық саны 1,6 миллион адамға төмендеді, бұл ең бірінші халықтың кейбір бөлігінің өздерінің тарихи отандарына оралуына, өтпелі кезеңдегі қиындықтарға байланысты болды. 2002 жылдан бастап халық саны өсімнің тұрақты үрдісіне ие болды, ең бірінші табиғи өсім есебінен, 2004 жылдан бастап көші-қон өсіміне байланысты қалыптасты. Қорыта келгенде, еліміздің халық саны қазір жалпы 19 млн-ға жуықтады.

Біз әркез Елбасының мемлекет дамуының әртүрлі дәуірінде айтқан сөздеріне уақыт өте келе қайта оралып, оны бүгінгі күннің жағдайымен салыстырып, жаңа кезең тұрғысынан бағамдап келеміз. Осы арқылы Мемлекет басшысының белгілі бір кезеңде әрбір қазақстандыққа арналған сөзінің кейін уақыт өте келе өмір шындығына айналғанына көз жеткіземіз. Осы орайда Елбасының сонау бір тәуелсіздіктің алғашқы қиын жылдарында «Қазақстан – әлеуметтік бағдарланған мемлекет» деген тұжырымды алғаш рет көпшілік назарына салғаны әлі жадымыздан шыға қойған жоқ. Мәселен, теория жүзінде Скандинавия елдері тұрмыстың әлеуметтік бағдарына бейімделген мемлекет ретінде аталғанымен, олардың табиғаты бұрынғы біздің ұғымымыздағы теңгермешілікке негізделген қоғамның қатарына жатпайды. Қысқасы, рынок дейтін қоғамдық қатынастар дәуірінде бұрынғы келмесе кеткен теңгермешілік үрдісті қайта әкелудің қисыны және келіңкіремейді. Осыған қарамастан Қазақстан Президентінің мұндай батыл ой-тұжырымдарға баруының себебі неде?

Біз кейін ілгері басқан қадамымызға тұсау болған, талай келесіздіктерді тудырған бірнеше әлемдік дағдарыс сәттерінде «әлеуметтік бағдарланған мемлекет» деген түсінікті ұмыта қоймағанымызбен, ол туралы ойымыз көмескі тарта бастады. Уақыт өте келе қиыншылықтар артта қалды. Ел еңсесін көтерді. Әлеуметтік бағдарламалардың сәтті жүзеге асырылуына, несін жасырамыз, шикізат рыногындағы қолайлы ахуалдың онды әсері болғаны да шынық. Алайда Қазақстан бюджетінде қалыптасқан онтайлы жағдайға бір ғана мұнай бағасының көтерілуі емес, сонымен қатар елдегі тұрақтылықтың, осының әсерінен шетелдерден тартылған инвестициялардың ықпалы болғанын, ал осы игілікті шаралардың басы-қасында Елбасының тікелей өзі жүргенін тағы да айтуымыз керек. Қазақстан сөйтіп, қиын асуларды игерді, күрделі кезеңдерден өтті. Еліміз үшін қолайлы кезең туды. Міне, осы сәтте Елбасы әлеуметтік бағдарланған мемлекет туралы тағы да батыл ой қозғады. Әрбір қазақстандықтың болашағы туралы жаңа уақыт туғызған тұжырымдамалық ойды біздің әрқайсымыздың санамызға қайта сіңіре бастады. Кешегі пандемия кезінде Тұңғыш Президент тұжырымы өмірде өзінің дәйектілігін дәлелдеп берді.

Алайда, Тұңғыш Президенттің әрдайым өзі атап көрсеткен, сая-

1-бет



сатта, экономикада әлеуметтік бағдар ұстану масылдық пиғылмен ұштаспауы тиіс деген пікірін бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылыққа алуы елдегі билік сабақтастығының жарқын үлгісі болып табылады. «Мемлекеттің стратегиясы әлеуметтік қорғаудан әлеуметтік прогреске бағытымен құрылады. Бұл масылдыққа жол жоқ дегенді білдіреді. Тек осындай жағдайда ғана Қазақстан қоғамы патернализм инерциясын жеңе алады» деп атап көрсетті Нұрсұлтан Назарбаев. «Патернализм» (латын) – үлкеннің кішіні, яғни ағаның ініні, халықаралық жағдайда үлкен мемлекеттердің әлсіз мемлекеттерді қамқорлыққа алу ұғымын білдіреді. Ал, шындығында, кейде саясатта мұндай қамқорлықтың астарында небір қитұрқы, жымсысқы әрекеттердің жататынын да жасыруға болмайды. Қамқорсу арқылы сол мемлекеттердің ішкі ісіне араласу, одан әрісі тәуелсіздігіне қол сұғудың ауылы да алыс емес екенін ердайым есімізде ұстауымыз қажет. Егер біз Елбасының астарлы сөзіне терең үнілсек, осы ойды аңғарар едік. Бүгінгідей жаппай жанкешті бәсекеге ұласқан жаһандану дәуірінде сыртқы әлемнен оқшауланбай, сонымен бірге саналы еңбек арқылы тәуелсіздігімізді нығайту әрбір қазақстандықтың қасиетті борышы болып табылады. Президент астарлы оймен бізге осыны түсіндіреді. Жанаша ойлау жүйесімен өмір сүруіміздің қажеттілігін алға тартады.

Экономиканың әлеуметтік бағдарының іргетасын Президент нақты істермен қалап келеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін елімізде елді мекендерге сапалы ауысуы жеткізу, электр қондырғыларын, байланыс, жол инфрақұрылымын жаңарту, тіпті әркімнің жеке меншігіндегі қопкабатты үйлерді қайта жаңғырту бағдарламаларының өзі мемлекеттік қолдаудың, жай қолдау емес, бюджеттік субсидиялау арқылы

қолдаудың керемет, сирек кездесетін үлгісі деп қарауға болады. Осының барлығы Қазақстанды әлеуметтік бағдарланған мемлекет деп атауға толық негіз қалайды.

Экономика заңдылығы да жалпы жаратылыс заңы секілді егер өз орнына дұрыс пайдаланбаса, ол да мейірімсіздік танытады. Сол сияқты біз де экономика заңдылығына бағынбай, өз санамызда субсидиялауға сүйенген өмір сүру дағдысын қалыптастырып, бұл келенсіздікті бойымызға сіңіріп алсақ, одан өткен қауіпті ештеңе болмайды. Елбасы әрдайым осыдан сақтандырады, Қазақстан жағдайында біздің әрқайсымыздың төл міндетімізді айқындап береді. Қазір барлығымыз субсидиялаудың барлығы мұнай бағасының тым көтеріңкі кезінде болғанын және ондай онтайлы құбылыстың әрдайым қайталанар бермейтінін ескергеніміз абзал.

Нұрсұлтан Әбішұлы эволюциялық қағидатқа қатысты: «Ешқандай да алға озу» болмауы тиіс. Әлеуметтік саладағы барлық өзгерістер даму деңгейімен, Қазақстан экономикасының мүмкіндіктеріне сәйкесуі тиіс», деп атап көрсеткенін жоғарыда айтылғандармен сабақтастыруға болады. Оның нақты мысалын бүгінгі еуро-аймақ елдерінде болып жатқан дағдарыс, дефолт жағдайларымен байланыстырамыз. Нақты табысқа сәйкес өмір сүре алмай ұдайы сән-салтанатқа, үлде мен бүлдеге оранып жүру экономикада қарама-қайшылықтар тудырады, дағдарысқа, оның соңы қарызға әкеліп соқтырады. Қазақша айтқанда, табысыңды ескермей, алдын ала қарызға бату неге әкеліп соқтыратынын әркім біледі ғой деп ойлаймын. Айтпақшы, Елбасы бұл тұрғыда сонау 2007 жылда, еске салғаны бозау. Ұмытпасам, ол экономиканың өсімі мен инфляция өсімін үйлестіру қажеттігін ескертті. Егер экономика өсімі үздіксіз үдей түссе, оның соңы инфляцияның шарықтауына ықпал

жасайды. Қазақстанда 2007 жылы тұрғын үй құрылысы жаппай салына бастағанда құрылыс материалдарының бағасы есепсіз көтерілгені жұртшылықтың есінде болар. Ол кезде әлемдегі мұнай бағасының күрт көтерілуі бюджетте артық ақшаның болуына ықпал жасады. Ал екінші дәрежелі банктер шетелден келген арзан несиеңі сұраусыз қардай боратты. Ақыр соңында дағдарыс орын алып, күллі банк жүйесі қиындыққа ұрынды. Осы орайда Елбасының әлеуметтік қолдаудың мемлекеттің өмір сүру деңгейіне орай жасалатынын ескертуі әлемдегі бүгінгі өмір шындығынан туып отырған жағдайға байланысты айтылған тұжырым болып саналады.

Қазақстан 2020 жылды несін жасырамыз, күрделі жағдайда қорытындыламақшы. Мемлекет қаржы ресурсын «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жобаларға жұмсады. Тіпті, Ұлттық қордан да бұл бағытта қаржы бөлінуде. Бұл, сайып келгенде, Елбасының кезінде Ұлттық қор құру идеясының саликалы шешім болғанының айқын көрінісі. Соңғы күндері қалыптасқан мұнай бағасы Қазақстан үшін қолайлы болып тұр.

Сөзіміздің басында айтқандай, қазір әлемдегі жағдай әлі күрделі сипатын сақтап отыр. Жуырда Қазақстанның 2021-2023 жылдарға арналған бюджет жобасы қабылданды. Үш жылдың бюджетіне Ұлттық қордан қаржы бөлінетін болып белгіленді. Бұл – Тұңғыш Президенттің дәйекті саясатының жемісі. Биліктегі сабақтастық жоғарыда атап өткендей Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың прагматикалық саясатымен жалғасын табуда. «Nur Otan» партиясының сайлауалды кездесуінде осы сабақтастықтың дәйекті жалғасы ретінде алға қойылған міндеттер бағыттары айқындалды. Бұл мемлекетіміздің келешегі кемел екенін айқындай түседі.

Тәуелсіздік және Тұңғыш Президент

Өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова Тұңғыш Президент күніне орай облыста өтетін мәдени шаралар туралы баяндады.

– ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуы жолындағы ерен еңбегін ешкім жоққа шығармаса керек. Тарихқа көз жүгіртер болсақ, Қазақстан Тәуелсіздік алған тұста ұлт тарихындағы жаңа дәуір дәл осы күннен басталған еді. Нақтырақ айтсақ, халқымыздың ғасырлар бойғы асыл арманы – азат мемлекет құру аманаты 1991 жылы 1 желтоқсанда орындалып, сол күні Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті болып сайланды. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихын таныту мақсатында Елбасының атқарған еңбегін насихаттауға арналған 300-ге жуық мәдени шара өткізіледі, – деді басқарма басшысы Мира Рахымжанқызы.

Мерекеге орай облыстың барлық кітапханаларында кітап көрмелері мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады. Оның ішінде Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен «Елбасының дара жолы» виртуалды кітап көрмесі, облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Менің Тұңғыш Президентім» атты онлайн экскурсия, «Тәуелсіздік және Тұңғыш Президент» тақырыбындағы фотокөрме, «Ақмешіт» музейі филиалында «Елбасы және Сыр елі», сондай-ақ, облыстың мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Ел тірегі – Елбасы» виртуалды және құжаттық көрмелер өткізіледі.

Облыстық филармонияның өнер ұжымдары мен жеке орындаушылардың қатысуымен «Елбасы сүйетін әуендер» атты мерекелік онлайн фильм-концерт, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен «Менің өмірімдегі көшбасшы» мерекелік онлайн концерті мен «Жырлан шашу шашайық» атты жыршы-жыраулардың онлайн фестивалі, Ақан Сатаевтың «Елбасы жолы. Астана» көркем фильмінің көрсетілімі ұйымдастырылады.

Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында Думан Рамазанның «Абылайханның арманы» спектаклінің премьерасы өтеді. Карантин талаптарына сәйкес спектакльге 100 адамға дейін қатысып, тамашалай алады.

Жастарға жаңа мүмкіндік

Жастарды қолдау мақсатында Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен «Ел үміті» бағдарламасы ұсынылған болатын. Осы бағдарламаның аясында «Елбасы медалі» ауқымды жобасы еліміздің барлық өңірінде жүзеге асырылуда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жобаның облыс бойынша үйлестірушісі Нұрсұлтан Рысқұлов кеңінен айтып берді.

Бағдарламаны Елбасы қоры, мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері мен қоғамдық ұйымдар әріптестік аясында іске асырады. Жобаның жеті бағыты бар. Олар – «Спорт және дене шынықтыру», «Кітап оқу», «Дарын мен дағды», «Ұлттық мұра», «Еріктілік», «Туристік саяхаттар» және «Еңбек тәжірибесі». Жобаны дайындау барысында үздік әлемдік тәжірибе қолданылған. Байқау шарты бойынша оған 14 пен 29 аралығындағы жастар қамтылады. Жас ерекшелігі бойынша сай келетін, тұратын жері мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан кез келген адам қатыса алады. Бағдарлама бірінші кезекте қатысушының өзін-өзі жетілдіруін көздейді.

Үміткер болу үшін «me. Fnn.kz» онлайн платформасына тіркеліп, алтын, күміс немесе сола деңгейін таңдайды. Одан әрі үміткер арнайы бекітілген тәлімгердің көмегімен іс-шаралар мен кестені таңдап, жеке даму бағдарламасын жасайды.

– Бағдарламаға мүмкіндігі шектеулі жастар да қатыса алады. Олардың жеке кесте құруына жағдай жасалған. Сонымен қатар еріктілердің қызметі «Еріктілер жылының» ашылуы кезінде айтылған міндеттеріне сәйкес болады, – деді Н.Рысқұлов.

Қатысушыларға үш бағытта арнайы бейнесабақтар онлайн режимде жүргізіледі. Биыл 288 бейнесабақ дайындалған. Жобаға облыс бойынша 436 қатысушы ниет білдірсе, оның 336-сы қолға, 51-і күміс және 49-ы алтын деңгейді таңдаған.

Мәселен, қаладағы №101 мектептің 11-сынып оқушысы Елдос Төлепберген қола деңгейді таңдап, біршама жетістікке жетуде. Оның қатысқанына бес ай болған. Елдос жоба арқылы өзін-өзі жан-жақты дамытуға, кітап оқуға деген құштарлығын арттыруға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғауға, жаңа қырынан танылуға мүмкіндік алған.

«СБ» ақпарат

«Қызылорда күллі қазақ үшін қасиетті»

Қай елдің тарихын алып қарасаңыз да, мемлекеттің қалыптасуы кезіндегі қиын шақта тыңнан бағыт-бағдарын айқындап, өзіне сенім артқан, халқын ешқандай қантөгіссіз өркеніетке бастаған, дамыған әлеуетті мемлекеттердің алдыңғы қатарына қоса білген Президенттің тарихи рөлі ерекше бағаланады. 1991 жылы Тәуелсіздіктің туын көтеріп, әлемге жариялағанға дейін қазақ халқының қаншама тауқымет шеккені тарихтан белгілі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ыдыраған шақта мемлекет территориясының тұтастығын сақтай отырып, татулық пен бірлікті, достық пен сыйластықты ту етіп, салықалы саясат жүргізу нәтижесінде Тәуелсіз Қазақстан мемлекетін құрды. Сондықтан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарих алдындағы бұл еңбегін әрдайым замандастарымызға және кейінгі жас ұрпақ өкілдерінің назарына жеткізу біздің азаматтық борышымыз.

Өз халқына адал еңбегі сіңген, халқын асыл мұраттарға жетелеген Президентін ұлықтап, халық пен мемлекет алдында сіңірген еңбегін ескеріп, мемлекеттік мереке ретінде атап өту әлемдік тәжірибеде қалыптасқан. Атап айтсақ, Америка Құрама штаттарында Президент күнін мерекелеу 1782 жылдан басталып, Джордж Вашингтонның туған күні – 22 ақпанда, Ұлыбританияда Елизавета II патшайымның туған күні – 8 маусымда, Исландияда Ола-вур Рагнар Гримссонның құрметіне бекітілген Президент күні 14 мамырда атап өтіледі. Біздің елдегі ерекше мемлекеттік мереке 1991 жылдың 1 желтоқсаны күні Қазақстан халқының бүкілхалықтық референдум арқылы өзінің жаңа бағытын, яғни президенттік басқару жүйесін тандаған күнімен сәйкес келеді. 2011 жылдың 14 желтоқсанында «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы қабылданып, 1 желтоқсан ресми түрде Тұңғыш Президент күні 2012 жылдан бері аталып өтіп келеді.

Атаулы мемлекеттік мерекенің мақсаты – тек Қазақстан Республикасының іргетасын қалаған Тұңғыш Президентімізге ілтипат қана емес, сонымен бірге Қазақстанда тұратын барша халықтың қандай елде тұрып жатқанын еске салып, сыйластыққа, достыққа шақыру, береке-бірлікке бастау. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап, саясат пен экономикада, мемлекет құрылымында түбегейлі реформаларға жол ашылды. Нарықтық экономикаға өту кезінде еліміздегі экономикалық және саяси күйзеліс жағдайына қарамастан Арал теңізі экологиялық апатының зардабын шегіп отырған Қызылорда облысының дамуын Нұрсұлтан Назарбаев айрықша назарға алып, әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың өмір сүру жағдайын жақсартуға ерекше қолдау көрсетті. 1993 жылдың наурызын-

да Қызылорда қаласында Елбасының тікелей бастамасымен және қатысуымен Арал теңізінің проблемаларына арналған, Ресей және Орта Азия мемлекеттері Президенттерінің қатысуымен өткізілген, халықаралық конференция барысында Арал теңізі және Арал аймағы проблемаларын шешу, Арал аумағын экологиялық сауықтыру, әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету жөніндегі біріккен іс-қимыл келісімдеріне қол қойылды. Жоғарғы Кеңестің «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңы қабылданды. 1995 жылы Бүкілхалықтық референдум алдында облыста іссапармен болған Президент еңбек ұжымдарында, елді мекендерде кездесу барысында Арал аймағындағы экологиялық апаттан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі заңның, соғыс ардагерлері мен мүгедектерге қолымы жаңалық беру туралы Жарлықтың, көпбалалы отбасыларға жасап жатқан қамқорлығы, жас ұрпақты тәрбиелеу жұмыстары кеңінен талқыланып, облыс халқының қолдауын тапты.

Елбасының 1996 жылғы 8 қазандағы «Қызылорда арнайы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлығына сәйкес, Қызылорда қаласына «арнайы экономикалық аймақ» мәртебесі берілуі облыс жұртшылығы үшін тарихи шешім болды. Қызылорда арнайы экономикалық аймағы кәсіпкерлер мен орта және шағын бизнестің жұмыстарына тың серпіліс берді. Облысымызға, оның ішінде Қызылорда арнайы экономикалық аймағына халықаралық ұйымдардың, шетелдерден Қазақстанға келген инвесторлар назары бірте-бірте аударыла бастады. Елбасы 1996 жылғы 24-25 қазандағы сапарында Қызылорда қаласында Абылай ханға қойылған ескерткіштің ашылу салтанатына қатысты. Өз сөзінде XV ғасырдан бастап, Қазақ хандығының тарихын таразылай келе, Абылай хан-



ның ел, жер бірлігін сақтаудағы кемеңгерлігіне тоқтады. Тарихымызды біліп, ата-баба аруағын сыйлаудың нақты нышаны ретінде Қазақстанның алғашқы астанасы Қызылордада ескерткіш ашылуына байланысты ризашылығын білдірді.

Нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен реформаларды тереңдету, құқықтық мемлекет құруға бағытталған жұмыстармен қатар облыста демократиялық үдерістер мен жариялылық кеңінен өрістей бастады. Облыстық мәслихаттың сессияларында әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері тұрақты түрде қаралып тұрды. Қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың, әсіресе ардагерлер мен әйелдер кеңесінің, ұлттық-мәдени орталықтар мен Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмыстары жандана түсті. Президент Жарлығымен әр жылды «Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы», «Денсаулық жылы», «Ауыл жылы» деп жариялауы әлеуметтік жағдайдың көтерілуіне, экономиканың және этносаралық татулықтың қазақстандық моделін қалыптастыруға зор ықпалын тигізді.

1997 жылы алғаш рет Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы негізінде еліміздің болашақтағы ұзақ мерзімді даму жоспарын айқындаған «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасын ұсынды. «Әуелі – экономика, сосын – саясат» деген Елбасы ұстанымын басшылыққа ала отырып, экономиканы әртараптандыру арқылы жалпыхалықтық үдемелі дамуға орасан зор үлес қосқан, Сыр жұртшылығының ертенге деген сенімі күн санап арта түсті.

1998 жылы 18 желтоқсанда Қазақстан Республикасының

Тұңғыш Президенті Сыр елінде іссапармен болып, Н.Бекежанов атындағы театрда облыс жұртшылығының өкілдерімен кездесіп, үлкен жиын өткізді. Кездесуде Нұрсұлтан Әбішұлының сөзі жиынға қатысушыларға ерекше әсер қалдырды.

– Сыр – Алаштың анасы. Тарихқа жүгінсек, бұл жерде қазақтың үш астанасы болған. Жент, Сығанақ және Қызылорда. Бұл – дана Қорқыт бабамыздың Жанқожа мен Бұқарбай сынды батырлардың, Мұстафа Шоқайдың, Сыр сүйелі Кердері мен ғұлама Тұрмағамбеттің, ақын Әбділда мен Нартайдың, тамаша жазушы Әбдіжәміл мен Қалтайдың, тағысын-тағы көптеген ардақты, дарынды перзенттердің туған өлкесі. Сонан да Қызылорда – күллі қазақ үшін қасиетті, ортақ жер, – деген болатын.

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы өңірімізде бірнеше ондаған білім, денсаулық сақтау және спорт нысандарының тұсауын кесіп, ел игілігіне беруге арналған «Тәуелсіздіктің 20 жылдығына – 20 әлеуметтік нысан» атты шарамен басталды. Тәуелсіздікке тарту жыл соңына дейін еселеніп, көптеген әлеуметтік нысандар, тұрғын үйлер, ғимараттар, ірі өндіріс орындары пайдалануға берілді. Бұл орайда индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінде баламасы жоқ күкірт қышқыл асырыла тікелей эфирде Елбасының қатысуымен ашылуы болды.

Елбасы 2005 жылы Сыр өңіріне сапарында Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадионда өткен «Сыр әуендері» фестиваліне қатысып, студент жастар алдында оларды оқуға, жаңа мазмұнды білім алуға шақырып, сөз сөйледі. Студенттермен Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әнін бірге шырқағанда стадионда тебірен-

беген жан қалмады. Кейін бұл ән еліміздің Гимніне айналды. Осы сапарында өңірдегі маңызды бірнеше нысанды аралап көріп, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайында британдық «Pilkington-Brother (Пилкингтон) Peak» компаниясы мен «Қазақстан инвестициялық қоры» акционерлік қоғамы арасында елімізге инвестиция тарту туралы келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

«Сырдария өзенінің жағасын нығайту мен Қызылорда қаласының маңындағы су бөмеңгеттерін қайта жөндеу», «Сырдария өзенінің арнасын реттеу мен Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы, сонымен қатар «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасы Елбасының әрдайым назарында болды. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының жүзеге асырылуы, осы орайда «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» мега жобасының басталуы және Елбасы бастамасымен жүзеге асырыла бастаған Қазақстанды индустрияландыру бағдарламасы аймақта соңғы екі жылда жұмыссыздық деңгейі 0,6 пайызға төмендетті. Осы жылдары 39 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Нәтижесінде аймақтың экономикалық белсенді тұрғындарының 94 пайыздан астамы экономика салаларына жұмысқа тартылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауына сәйкес алдағы 2021-2023 жылдық кезеңге арналған облыстық бюджеттің жобасы жасалып, онда экономика салаларын дамытудың перспективалық және басым бағыттары айқындалған. Бұл құжат Сыр бойының 2023 жылға дейінгі даму картасы болмақ.

Ширек ғасырдан астам уақытта Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясаты

нәтижесінде тарихта мүлдем жаңа мемлекет қалыптасып, бүгінде Қазақстанды бүкіл әлем мойындап және әлемдік саясатта Қазақстан жоғары беделге ие болды. 2019 жылдың 20 наурызында Қарағанды Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өз еркімен өкілеттігін тоқтатуына байланысты пікірін былай білдірді: «Президент ретінде өз еркімен өкілеттігін тоқтату арқылы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев барша әлемге данышпан, ұлы саясаткер әрі демократиялық құндылықтарға шынайы берілген адам екенін көрсетті. Ол бойынша осындай қасиеттерімен отандық және әлем тарихында ізін қалдырды. Сондықтан Мемлекет басшысының стратегиялық бағытын жалғастырып, баршамызға ортақ мақсат, Елбасының басты саяси тарихи мұрасы – мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтау және нығайту.

Бүгінде Елбасы мен әрбір қазақстандықтың ортақ игі мүддесі тұрғысында күш біріктіруі нәтижесінде, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында тәуелсіз ел ретінде дербес жолын қалыптастырған мемлекетіміз саяси тұрақтылық пен экономикалық дамуға қол жеткізіп, татулық, ынтымақ, бірлік деген рухани құндылықтарды парасат биігінен пайымдап, әлемдік қауымдастықтың лайықты басын алуда!

Еліміздің аспаны ашық, халқының бірлігі берік, болашағы баянды болсын!

Қ.БИСЕНОВ,
облыстық мәслихат хатшысы, техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі

ҰЛЫ БОЛАР ЕЛ ҰЛЫҒЫН СЫЙЛАЙДЫ

Дүние жүзіндегі барлық елдерде өздеріне тән мерекелер мен даталы күндер атап өтіледі. Олар әр кезеңде түрлі оқиғалар мен себептерге байланысты өмірге келіп, қалыптасып жатады. Кейде тіпті бір елдің ұлық көрген нәрсесін келесі ел оншалықты қабылдай да бермейді. Мұның бәрі әлгіңде айтылған нақтылы уәждер мен әр ұлттың менталитетіне байланысты орнығады.

Бұл мерекенің ұлтқа берері көп. Осы мереке арқылы жас ұрпақ тәуелсіз Қазақстанның өткен жолдарына қанығып, оның ел болып қалыптасу кезеңінде қандай тұлғаның аянбай еңбек еткенін жадында сақтай береді. Шынында да 1 желтоқсан Қазақстан шежіресінде үлкен мәнге ие, сондықтан аталған датаның Тұңғыш Президент күні ретінде тойлануы заңды құбылыс деп есептеймін.

Бізді тағы бір сүйсінтетіні, Елбасымыз өзіміз секілді қарапайым отбасында дүниеге келіп, өсіп жетілген. Анасы Нұрсұлтан секілді ұлтының ұлын дүниеге әкелетінін Райымбектей хас батырдың басына барып түнегенде түсінде көрген. Бала кезінде оны барлығы «Сұлтан» деп атайды екен. Бала Сұлтан бауырмал, елгезек, ата-анасына қолғабыс беруге қашанда дайын бала болыпты. Қарап отырсаңыз, бұл да бір жай сәйкестік емес секілді. Сұлтан сөзінің өзі «ел басқарушы», «ұлт қолбасшысы» дегенді білдіреді ғой.

Алғаш еңбек жолын Теміртаудағы «Қазметаллургұрылыс» тресінің жұмысшысы болып бастаған Нұрсұлтан Әбішұлының маңдайына Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті болу бақыты жазылған екен.

Қазіргі таңда бұл мереке өте үлкен деңгейде тойланып өтеді. Ұлт тағдыры үшін барын салып жүрген Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен жасалып жатқан игі іс-шараларды бір кітаптың өзіне сыйғызу қиын.

Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздерін бекітіп, елдігіміздің тағы бір шегесін нақтылай қақты. Ұлттық валютамыз – теңгені айналымға шығарып, алға тағы бір қадам жасады. Одан бөлек, елдің дамуы барысында, ең алғашқы маңызды болып саналатын өзге елде жүрген қандастарымызды өз Отанымыз – Қазақстанға шақырды. Ұлы көш барысында дүние жүзіндегі көптеген



елдерден қазақ қандастарымыздың табаны туған топыраққа тиді. Атап айтсақ, Қытай, Монғолия, Иран, Түркия секілді мемлекеттерден туыс қазақ қандастарымыз елге оралды. Елбасының жастарға деген қамқорлығы да зор. Ол болашақ жас толқынның қолында екенін үнемі айтып келеді. Оларды қолдауға ұдайы көңіл бөліп отырады. Осы орайда Тұңғыш Президенттің өзінің жеке тапсырмасымен «Болашақ» бағдарламасы жүзеге асырылып, жыл сайын қазақтың қаншама ұл-қыздары әлемдегі ең атақты жоғары оқу орындарында білім алып келеді.

Бұған қоса, ұлттық мақтанышымызға айналған Отанымыздың елордасының уығын қадап, бүкіл әлемге бас қаламызды мойындата алғаны – өзінше бір шежірелі тарих.

Әлемде мұндай мереке ерте замандардан бері бар. Мысалы, жаһандағы ең алпауыт мемлекет – АҚШ сонау XIX ғасырдан бері Тұңғыш президент күнін тойлап келеді. Бұл елде ақпан айының үшінші дүйсенбісі Президент күні ретінде мерекеленеді. Осы мереке алғаш рет 1855 жылы АҚШ-та жалпыұлттық деңгейде аталып өтілген екен. АҚШ-тың Тұңғыш президенті Джордж Вашингтонның құрметіне негіз қалаған. Исландия елінде 14 мамырда тойланады. Ангولا мемлекеті елдің негізін қалаушы президенттерінің құрметіне Президент күнін 17 қыркүйекте мерекелейді. Португалдардың бодандығынан Ангولاға тәуелсіздік алып беру үшін аянбай күресіп, сол мақсатына жеткен Агоштинью Нету 17 қыркүйекте өмірге келген. Күздің алғашқы айында тойлануының себебі де сол.

Біз де өз елімізде осындай мереке бар екенін мақтан тұтамыз. Ол мемлекетіміздің Тұңғыш Президентінің өзін ғана ұлықтау емес, сонымен бірге республикадағы барлық халықтың тәуелсіздік жылдарындағы тарихына бас ию болып табылады. Сондықтан ол – барынша қадірменді мереке. Ендеше, мерейлі мерекелеріміз құтты болсын, қасиетті Қазақ елі!

Серік ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы



Қазалының өнімдері экспортқа шығарылуда

«Еңбектің наны тәтті...». Таяуда Қазалы ауданында өткізілген ауылшаруашылық еңбеккерлерінің мерекесі осы сөздің құндылығын тағы бір әйгілей түсті.

Сб Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»

— «Берекелі жерден ме-реке кетпес» деген бар. Мол өнімнің биігінен көрінген қазалылықтар осы дәстүрді сақтай отырып, тағы бір берекелі жылды табысты қорытындылап отыр. Нәтижесінде Қазалы ауданы облыста жылдың қорытындысымен жеңімпаздар қатарынан көрініп, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін «Озат аудан» номинациясымен марапатталды. Сондай-ақ, бірқатар азаматтар «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі», «Еңбек даңқы» төсбелгілерін, Министрліктің «Құрмет грамотасын» иеленді. Бұл — дала еңбеккерлеріне көрсетілген құрмет, осы салада қызмет етіп жатқан барша азаматтардың жемісі деп білемін, — деді аудан әкімі Мұрат Ерғешбаев сол салтанатта.

Сондай-ақ Қазалы ауданы мен Қызылорда облысының құрметті азаматы, «РЗА» АҚ президенті Самұрат Иман-досов та өзінің ақ тілегін жеткізді.

Мерейлі сәтте күріштен мол өнім алған шаруашылықтар да марапаттан қалыс қалмады. Мәселен, «Агро Өркен» ЖШС 1-ші дәрежелі, «РЗА-Агро» ЖШС 2-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал, облыстық мәслихат депутаты Мнажадин Өтеев жетекшілік ететін «Сыр маржаны» ЖШС «Озат өңдеу кәсіпорны» номинациясын иеленді.

Жыл басынан бері Қазалы ауданында 10,9 млрд теңгенің ауыл шаруашылығы өнімі өндірілген. Сондай-ақ, 15 мың тоннаға жуық бау-бақша өнімдері алынса, 3 мың тоннаға жуық күріш Ресей, Украина, Тәжікстан мен Өзбекстанға экспортталған. Мұнан бөлек, 1 мың тоннадан астам балық өнімдері Германия, Дания, Грузия, Қытай мемлекеттеріне экспортқа шығарылыпты. Машина-трактор паркін жаңа техникамен толықтыру да ілгерілеп отыр.

Өткен жылмен салыстырғанда әртараптандыру бағытындағы дақылдардың көлемі



452 гектарға артқан. Соның ішінде жаздық бидай 144, арпа 108, сүрлемдік жүгері дақылы 200 гектарға өскен. Қазалыда егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын дамыту бағытында да оңды істер бар.

— Бүгінгі таңда мемлекет қолдауымен аудандағы түрлі шаруашылықтар 595 млн теңге несие алып, 2000 бас-тан астам төрт түлікті сатып алды. Бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады. Малды өсірумен қатар, өнімін өңдеу және терісі мен жүнін шикізат көзі ретінде пайдалану мүмкіндігін қарауымыз керек, — деді аудан басшысы және бір сөзінде.

Аудан тұрғындарын жергілікті жерде өндірілген өнімдермен қамтамасыз ету үшін «АгроОптСервис» ЖШС тарапынан сыйымдылығы 500 тонна болатын «Көкөніс өнімдерін сақтайтын қойма» салынған болатын.

Қазіргі таңда қоймаға қажетті құрал-жабдықтар сатып алынып, 200 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері әкелінген. Қойма құрылысы толық аяқталғанда азық-түлік қауіпсіздігі мен баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мүмкіндігі арта түсетін болады.

Қазалы ауданы

Болашақтың сарқылмас энергиясы

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Көмірсутегі шикізатының нарығында ірі ойыншы бола отырып, энергияның баламалы түрлерін дамытуға, күн мен желдің энергиясын пайдаланатын технологияларды белсенді енгізуге тиіспіз.

Сб Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

Бұл үшін барлық мүмкіндік бар» деп баса айтқан болатын. Осы ретте елімізде баламалы энергия көздерін өндіру ісі жолға қойылып келеді. Бұрын «жасыл энергия» деген түсінік ертегі секілді көрінсе, қазір бұл қалыпты құбылысқа айналып, күнделікті тұрмысқа енуде. Себебі, көмірсутегі шикізаты ауаны лаптап, қоршаған ортаға зиянын тигізуде. Бұл тұрғыда тек Қазақстан ғана емес, әлем елдері де энергетикалық қуат шикізаттарына балама табу мәселесін күн тәртібіне батыл қойып отыр. Ғаламдық маңызға ие болған баламалы энергия көздерінің басты артықшылығы — экологиялық тұрғыдан тазалығы әрі сарқылмайтындығы. Сондай-ақ, күн энергиясы қолжетімді және қоршаған ортаға қауіпсіз.

Қазақстанның балама энергия көздері бойынша әлеуеті аса зор. Аймақтың өзінде жаңартылатын энергия көздерін пайдалану бойынша жұмыстар қарқынды жүруде. Мәселен, Шиелі ауданында «Байқоңыр Solar» электр станциясы сағатына 50 МВт-қа дейін баламалы қуат бере алады. Жобаның жалпы құны 26 млрд теңгені құрайды. Нысанның жалпы ауданы — 150 гектар. Жылдық жоспарлы электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 72 млн кВт/сағ. Өткен жылы пайдалануға берілген станцияның инвесторы — «Байқоңыр Solar» ЖШС. Жаңа жобаның іске асуының арқасында 23 адам тұрақты еңбекпен қамтылды.

Қазіргі күні күн электр станциясында 150 мың фотоэлектрлік панель, 14 орталық инверторлық электрстанциясы және «Байқоңыр» қосалқы станциясы жұмыс істеп, одан 9,5 МВт электр энергиясы Ұлттық электр торабына беріледі.

Дәл осындай күннен қуат алатын станция Жалағаш ауданында да жұмыс істеп тұр. Кенттің шығыс жақ бөлігінде орналасқан электр станциясы сағатына 30 МВт-қа дейін қуат береді. Бұл жоба «Nomad Solar» ЖШС бас-тамасымен 2018 жылы басталып, өткен жылы пайдалануға берілді. Жобаны жүзеге асыру



мақсатында кент аумағынан 164 гектар жер учаскесі бөлінсе, күн электр станциясы 75 гектар жер учаскесін алып жатыр. Құны 19 млрд теңгені құрайтын станцияда 60 адам жұмыспен қамтылған.

Энергетика министрлігі 2018 жылы ұйымдастырған көктемгі аукционда Жаңақорған ауданында қуаттылығы 10 МВт күн электр станциясының құрылысын салу жоспарлануда. «Hydroenergy company JSC» компаниясы инвестор болуға ниетті. Қазір жоба-сметалық құжаттамалары әзірленуде. Жобаның құны 3,2 млрд теңге болса, жылдық жоспарлы электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 19 млн кВт/сағ. құрайды.

Оған қоса, 100-ден астам шаруа қожалығы қуаттылығы 2 кВт-дан асатын кіші күн электр станцияларын тұрақты пайдалануда.

Бұл жобалар өз кезегінде электр энергиясына деген тәуелділіктен арылуға және «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасындағы көзделген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, күн электр станциялары елдің стратегиялық құжаттарында қарастырылған жаңартылатын энергия көздері саласындағы нысаналы индикаторларға жетуге үлес қосады. Аймақтарда қосымша жұмыс орындарын құруға және шетелдік инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады.

Жалпы электр станциясының іске қосылуы — еліміздегі жаңартылған энергия көздерінің үлесін арттырудың негізі ғана емес, «жасыл» технологияларға көшу бағытында жасалған зор қадам.



Теміржол көпірі – көптің игілігі

Шиелі кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпір мәселесі көп жылдан бері шешілмеген еді. Орайлы істің сәті биыл келген сыңайлы. Маусым айының басынан бастап құрылысты «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС қолға алды. Құны 64 млн теңгеге бағаланған нысан «Жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде салынууда.

Көлік кептелісінен теміржолдан өте алмай, еріксіз іркілгендер бір-шама уақытын осында жоғалтады. Көпір осы ынғайсыздықты жойып, теміржолдың екі бетіне көлік қатынасын жеңілдетеді.

— Негізгі жұмыстар бітуге таяу. Көпірдің ұзындығы 76 метр болса, қос жолақты айналмалы автомобиль жолының жалпы ұзындығы 1200 метр. Қазір құрылыс басындағы 5 бригадада 75 жұмысшы еңбек етеді. Су құбыры, электр қуаты, тағы басқа қосалқы шаруалар қоса атқарылады. Бакытжан Оналбаев басшылық ететін бригадада 35 адам бар. Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі автомобиль жолдары КММ-нің басшысы Дана Аман үнемі бізбен бірге. Амандық

болса, Тәуелсіздік күні қарсаңында теміржол үстінен өтетін көпір құрылысын толық бітіріп, пайдалануға береміз деп жоспарлап отырмыз, — дейді учаске бастығы Нұрбол Ұлықбек бізбен әңгімесінде.

Аспалы көпір құрылысының жұмысымен танысу барысында байқағанымыз, бригадир Сейілхан Әли, жұмысшылар Өскен Ерубай, Нұрсұлтан Есентаев сынды азаматтар аянбай еңбек етіп, өзгелерге үлгі көрсетуде. Бір сүйсінерлігі, жұмысшылардың басым бөлігі жергілікті жастар екен. Мердігер компания директоры Алмас Ертаев та құрылыстың сапалы жүргізілуін барынша қадағалап, ұйымдастыру жұмыстарын білікті атқаруда.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Шиелі ауданы



146 ауылдық округтің өз бюджеті бар

Облыста 146 ауылдық округ дербес бюджетке өтті. Ендігі жерде ауыл тұрғындарының жер, мүлік, көлік салықтарын өздері жинайды. Ал қаржыларын абаттандыру мен көгалдандыру, сумен қамту, жол салу, көшелерді жарықтандыру және дезинфекциялау секілді 19 бағытқа жұмсай алады.

— Бұдан бөлек, автожолдың бойында орнатылатын жарнамадан түсетін, мемлекеттік мүлікті сату, жалға беру кезіндегі салық та сол жердегі ауылға түседі.

Бұл жерде халық өзі төлеген салықты өзі пайдаланады. Осы тұрғыдан алғанда, төртінші деңгейлі бюджеттің берері көп, — дейді облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орынов.

Ауылдық округтер өз дербес бюджетінен бөлек, мемлекеттік бағдарламалар негізінде инфрақұрылымдарын жаңартып, әлеуметтік нысандарды да жөндеуден өткізуде.

«СБ» ақпарат



● КӘСІП

Аралдық жас кәсіпкер Кәрім Темірханов осылай дейді. Ол мемлекеттік бағдарламаның игілігін көріп, шаруасын дөңгелентіп отыр.

Сб Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»



«Кәсіп бастаймын дегенге мүмкіндік көп»

Кәрім студент кезінде қала орталығында орналасқан наубайханада жұмыс істеді. Біраз тәжірибе жинап, нан жабудың қыр-сырын үйренді. Басылым беттерінен «Бизнес-Бастау» жобасы бойынша кәсіп ашып жатқан жастарды көріп, кәсіпкерлікке бет бұрды. Өткен жылы жоба бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқып, сертификат алды. Жобасын қорғап шықты. Биыл қайтарымсыз грантка қол жеткізді. Есігінің алдынан цех ашты. Керекті құрал-жабдықтарын жергілікті кәсіпкерлерден тапты. 2 адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Нанды аудан көлеміндегі азық-түлік дүкендеріне өткізеді. Оның бастаған ісі берекелі болды. Жакында тағы да мемлекеттен 6 процентпен 5 млн теңге жеңілдетілген несие иемденді. Оған сыйымдылығы жоғары, бір салғанда 100 нан пісіп шығатын пеш пен камыр илейтін құрылғы сатып алды.

Шағын наубайханада күнделікті жұмыс қызып жатады. Күн ұясынан шықпай Кәрім камыр ашытып, пеш қыздырып, табаларына май жағады. Көтерілген қамырды бөліп, өлшеп, қалыбына, одан кейін пештің ішіне салады. Иісі бүркырап жаңа піскен нанды тұтынушылар әп-сәтте алып кетсе, енді бірі келесі нанның піскенін күтіп тұрады.

— Мен кәсіп тандаудан жаңылған жоқпын. Наубай-

ханада жұмыс істеп жүргенде аспаздардан көп үйрендім. Себебі, қызығушылығым жоғары болды. Идеяма «Бизнес-Бастау» жобасы демеу берді, — дейді ол.

Кәрімнің жасы небәрі — 24-те. Алдына қойған мақсаты айқын. Өзгеге де жұмыс тауып беріп отыр. Ісін дамыту үшін ірі наубайханаларға барып, жұмысымен танысып, тәжірибе алмасады.

— Цехта күніне 600 нан жабамыз. Қара, ақ наннан өзге тәтті бәліштер, торттар пісіреміз. Бөлке — 90, қара нан 80 теңгеден. Бөлкенің салмағы — 550 грамм. Сонымен бірге жеткізу қызметі бар. Алдын ала тапсырыс берсе, уақытында үйіне апарып береміз, — дейді Кәрім.

Енді ол алдағы уақытта көсібін кеңейтуді көздеп отыр. Ол үшін ауданнан өзге жақын ауыл-аймақ дүкендеріне нан өнімдерін жеткізбек. Тағы да жергілікті 2-3 адамды жұмыспен қамтып, пісіретін тәтті түрін көбейту керектігін айтты.

Жалпы, жоба аясында кәсіптерін ашып, ел экономикасын жақсартуға үлес қосып отырған кәсіпкерлер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жобаны «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы жүзеге асырып келеді.



● АБАЙ – 175

Абай жырлары Сыр мақамында

Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы Сыр сүлейлерінің сабақты ізін жалғап жүрген аймақ жыршыларына да айрықша серпін берді.



Өнер өкілдері ұлы ақынның 175 жылдығы аясында облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен «Абай жырлары Сыр мақамдарында» атты мерекелік концертте өнер көрсетті. Концертке облыстағы жыр мектептерінің дәріс алушы шәкірттері, 30-ға жуық өнерпаз қатысты.

Нұртуған жыраудың «Абайға арнауымен» басталған жыр кеші көптің көңілінде өзгеше өрнегімен әдемі әсер қалдырды. Сыр сүлейлерінің мақам-саздары арқылы орындалған Абай жырларын тыңдарман жұрт жылы қабылдады.

– Өткен жылдың соңына таяу өңіріміздегі жыр мектептеріне өзіндік мақам, саз ерекшеліктеріне қарай Абай шығармалары бөлініп берілген болатын. Осылайша, ақынның 7-11 буынмен жазылған өлең-жырларын Ғанибек Өмірзақов, Көкен Өскенбай,



Алмат Өтеуов, Әйгерім Ешбаева, Дидар Сүгірлиев, Ансаған Ділдәбеккызы, сондай-ақ, Асқар Жоламановтың жетекшілігімен Арал ауданының жыршылары, кобыз және жетіген аспабында Зияла Жанабергенова мен Айшолпан сияқты жыршы-термешілер Сыр сүлейлерінің мақамдарына салып, нақышына келтіре орындалы – дейді шығармашылық орталығының «Дәстүрлі өнер» секторының менгерушісі Майра Сәрсенбаева.

Айта кетейік, өткен жылы аймағымызда «Жыр мұра» жобасы жүзеге асырылған болатын. Биылғы өткізіліп отырған «Абай жырлары Сыр мақамдарында» атты мерекелік концерт – осы аталған жобаның жалғасы. Алдағы уақытта да Абай жырлары Сыр мақамдарымен насихатталып, жас ұрпақ үшін жаңаша тәлім-тәрбиенің үлгісі болып жалғаса бермек.

«СБ» ақпарат

● МҮШӘЙРА

Сырдария аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен Амангелді ауылдық округі әкімдігінің қолдауымен ауылдық мәдениет үйі халық ақыны Қуаныш Баймағанбетовтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Сұлу Сырдың сүлейі» атты жазба ақындардың облыстық онлайн жыр мүшәйрасын өткізді.

Халық ақынының бейнесі жырмен қашалды

Қуаныш Баймағанбетов – ақын, айтыскер, сонымен бірге ауыз әдебиетін жинаушы есебінде де артына құнды мұра қалдырған тұлға. Ақынның махаббат пен ерлікті жырлайтын «Мария-Мағауия», «Сағит мен Сағат», «Аңламастың ерлігі» секілді бірнеше дастандары оқулықтарға енгізілген.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі есебінде рухани жаңғыру жолындағы ұрпағына шырақтай жарық беріп, жасай беретін бейне Қуаныш ақынның аты ешқашан өшпейді. Жыр мүшәйрасына қатысқан ақындардың арнау өлеңдері де осы тақырыптың өзегін қозғалды.

Ақындарға Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Д.Аяшұлы, Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газетінің бас редакторы А.Ибрагимұлы, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Е.Өтебаев қазылық жасады.

Мүшәйраға қатысқан 15 талапкердің арасынан бас жүлде ишелілік Талғат Күзембасевқа тиесілі болды. 1-орынды халық ақыны туған топырақтың түлегі, Амангелді аулының ақын қызы Гүлзат Оразова олжалады. 2-орын Қазалы ауданының қатысушысы Қуаныш Мұхашевқа, 3-орын жаңақорғандық жас Наржан Бижанға берілді.

Мүшәйра жеңімпаздары дипломмен және қаржылай сыйлықпен марапатталды.

Жыр бәйгесіне Қ.Баймағанбетов атындағы мектеп-лицей ұжымы демеушілік жасады.

«СБ» ақпарат

Ынталандыру шаралары жалғасуда

«Дипломмен – ауылға» жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен, Ұлттық экономика министрінің бұйрығы негізінде жүзеге асырылуда. Сондай-ақ, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандардың тізімі Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы бойынша агроном, ветеринар-дәрігер, ветеринар-фельдшер, ветеринар-техник, зоотехник, инженер-технолог, балық өсіруші, технолог, фермер деген лауазымдармен толықтырылды.

Жобаның негізгі мақсаты мен міндеті – ауылдың қалыпты тіршілігін және әлеуетінің өсуін қамтамасыз ету. Сонымен бірге, ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік саланың сапалы қызметін көрсету. Өңірлік бәсекеге қабілетті артықшылықты пайдалану негізінде ауыл аумақтарын тұрақты дамыту, сонда жұмыс істеу, тұру үшін келген, сала мамандарын ынталандыру.

Ауылға жұмыс істеуге, тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға екі түрлі әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі: біржолғы көтерме жәрдемақы 100 айлық есептік көрсеткішке теңкөлемде (2778*100 АЕК=277 800 теңге). Тұрғын үй салу немесе сатып алу үшін 1500 айлық есептік (1500*2778 АЕК=4 167 000 теңге) көрсеткіштен аспайтын көлемде 15 жылға дейінгі мерзімге жылдық 0,01% сыйық мөлшерлемесімен бюджеттік несие түрінде әлеуметтік қолдау. Маман ауылда кемінде 3 жыл жұмыс істеуге міндеттеме алады.

Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын

көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізілді. Аталған бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты жаңадан бекітілді.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға пайдаланылмайды. Сонымен қатар, мамандар кредиттік бюродан несие тарихын ұсынады және кез келген несие бойынша берешек болған жағдайда оларды толық өтеген сәтке дейін ұсынылмайды.

Ауылдық елді мекендерде жоғарыда аталған салалардың бірі бойынша жұмысқа орналасқан жағдайда, төменде көрсетілген құжаттарды «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы немесе электронды веб-порталы арқылы ұсына алады.

- көтерме жәрдемақы алған кезде:
 - өтініші;
 - жеке басын куәландыратын құжат (сәйкестендіру үшін);
 - білімі туралы дипломының көшірмесі;
 - жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі.
- тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:
 - өтініші;
 - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (сәйкестендіру үшін);
 - білімі туралы дипломының көшірмесі;
 - жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі;
 - сәйкестендіру үшін неке киноды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік;
 - кредиттік бюродан есеп.

Ереженің 19-тармағына сәйкес, көрсе-

тілген қызметті алушыларға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну үшін бюджет қаражаты жетіспеген жағдайда, әлеуметтік қолдау шараларын алушы үміткерлердің қатарынан кезектілікті қалыптастыру жолымен әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мерзімі тоқатылады. Ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша кезектілік Қызылорда қаласы мен аудандар әкімдігінің ресми интернет ресурсында жарияланып отырады.

Былттырауылдықелді мекендергебарып жұмысқа орналасқан білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру, агроөнеркәсіптік кешен саласының 422 маманына біржолғы көтерме жәрдемақы төлеуге 73,8 млн теңге, жеңілдетілген несиemen тұрғын үй алуға немесе салуға 503 маманға 1 905 млн теңге қаражат бөлініп, толығымен игерілді.

Быыл 501 маманға біржолғы көтерме жәрдемақы төлеуге (Қызылорда қаласының және аудандардың бюджетінен) 126,8 млн теңге, жеңілдетілген несиemen тұрғын үй алуға немесе салуға (республикалық бюджеттен) 544 маманға 2 250,7 млн теңге бөлінді.

Қараша айындағы дерек бойынша 445 маманға 111,1 млн теңге көлемінде біржолғы көтерме жәрдемақы берілді. Оның ішінде білім саласынан 248, денсаулық сақтау саласынан 140, мәдениет саласынан 16, әлеуметтік қамсыздандыру саласынан 4, спорт саласынан 19, агроөнеркәсіп кешен саласынан 18 маман бар.

Сондай-ақ, 517 маманға жеңілдетілген тұрғын үй несиесі беріліп, 2 091,3 млн теңге игерілді. Несие білім саласы бойынша 281 маманға, денсаулық сақтау 165, мәдениет 22, әлеуметтік қамсыздандыру 1, спорт 30, агроөнеркәсіп кешен саласы бойынша 18 маманға берілді.

Бұдан бөлек, 2021 жылға аталған жоба аясында республикалық бюджеттен 807 маманға тұрғын үй сатып алуға ұсынылатын бюджеттік несие ретінде 3 370 032 мың теңге бөлу жоспарлануда.

нішті жоғарыда аталған бұйрық талаптарына сәйкестендіріп жолдау қажет. Сонымен қатар, аталған бұйрық жер қатынастары саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландырып қана қоймай, мерзімдері айтарлықтай қысқарды. Атап айтқанда, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру 30 күнтізбелік күннен 13 жұмыс күнге, жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту 7 жұмыс күннен 4 жұмыс күнге және сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқық алу 30 жұмыс күннен 15 жұмыс күнге қысқартылған.

Жалпы айтқанда, жер қатынастары саласының цифрландырылуы мен жер учаскесін рәсімдеу құжаттарын алудың мерзімін қысқарту бағытында, қызмет алу барысында халыққа ыңғайлы болуы үшін алдағы уақытта да кезең-кезеңімен тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

Облыстық жер қатынастары басқармасы

Сырдария ауданының, «Ақжарма» және «Іңкәрдария» ауылдарының құрметті, сыйлы азаматы, бір әулеттің басшысы болған Құрманбек Ысқақовты ауыл түгел қадір тұтатын.

Бөпежанның інісі

Ағасы Абдулла Ысқақов «Шандайкөлде» туып, жетінші класқа дейін ауылдағы жетіжылдық мектепте, кейін Қызылорда қаласындағы «1 Май» мектеп-интернатында оқуын жалғастырды. Еңбек жолын 1959 жылы Қызылорда станциясындағы желілік ішкі істер бөлімінде қатардағы милиционерден бастап, сол мекеменің бастығына дейін көтерілген азамат.

Осы екі азаматтың анасы Дәмегүл Әлириза келіні, күйеуі Ысқақты соғысқа аттандырып, балалары енесі Мәлика әженің тәрбиесімен өсіп-өнді. «Бөпежанның інісі» дегенді тарқатайын. «Бөпежан» – әжеміз Дәмегүлдің Абдуллаға қойған аты. Бірінші баланы енесі Мәлике бауырына басқандықтан, өзін Абдулланың жеңгесімін деп есептеген де, ат қойған. Сол Бөпежан Дәмегүл әжемізді атымен атады. Біздің әулеттегі басқа да жеңгелер Өбекенді солай атады.

Өбекең жұмыстан мезгілсіз келіп-кетіп жүргенде, бірінші сұрайтыны «Дәмегүлдің жағдайы қалай? Не тамақ ішті? Демалды ма?» болатын. Ал әжеміз келіні Қаншагүлге «Бөпежанның түскі, кешкі асы дайын ба? Керек заттарын әзірлеп қой» деп қайталаудан жалықпайтын.

Соғыстан кейінгі таршылық кезде әжеміз қалаға келіп, кілем тоқып, пәтер жалдап тұрып, балаларын тәрбиелеп өсірді. Колхоздағы ол кездегі жағдайды жазбай-ақ қойып дедім.

Өткен ғасырдың 80-жылдары Өбекен қаладағы ЛОМ-да бастық, Құрман ағай Сырдария ауданындағы «Іңкәрдарияда» кеңшар директоры болып қызмет етті. Дәмегүл әженің «Жасымда

бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген арманының орындалғаны еді. Әжеміз құдайдан сұрағаны қабыл болып, балаларының, немерелерінің алдында қайтыс болды. Ол отызға толмай жесір атанып, балаларына әкенің жоқтығын білдірмей, өсірген, оқытқан, екінші рет күйеуге шықпай, соғысқа кеткен ерін 40-50 жылдап күткен, арды ойлаған абзал аналардың бірі болатын. Мұндай кісілерді Қазақстанның әр түкпірінен кездестіруге болатын заман қазір өтіп кетті.

«Бөпежан» Абдулла аға 72-ге қараған шағында қайтыс болды. Ол кісінің қызмет бабындағы алған мақтаулары бір адамға жеткілікті. Бірақ бұрынғы Тереңөзек, қазіргі Сырдария ауданының 80 және 90 жылдық естелік кітаптарында Өбекеннің аты аталмағанына ренжисіз. Қазір ол кісіге ештененің қажеті жоқ. Тек құран оқытып, дұға жасау ғана.

Еңбек жолын Қызылорда қаласында elektrik, көлік жүргізушісі болып атастаған Құрманбек Алматы мал дәрігерлік институтын бітірген соң, Тереңөзек ауданының Илыч (қазіргі Ақжарма) атындағы кеңшарда бас зоотехник, цех бастығы қызметтерін атқарған. Кейін «Іңкәрдария» совхозында директор, осы ауылда әкім болып қызмет атқарды. Өзіне сенгендердің үмітін ақтады. Ол дәуірде өсіп-жетілген ұрпақ соғыстан қайтпаған әке, жесір ана алдындағы парызын ақтауды ойлады. Намысшыл, жігерлі, қайратты болды.

Құрманбек те сондай ерлердің қатарындағы азамат еді.

Жеңісбек МАҚСҮТҰЛЫ

Сабақты зерттеу сапаны арттырады

Сабақты зерттеу қазіргі таңда мектеп тәжірибесіне еніп, оқыту мен оқуды жақсартуға оң ықпалын тигізуде. Мұғалімдердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруда. Алғашқы кезде мектепті кәсіби дамытудың пәрменді құралы ретінде қолданысқа ие болды.

Сабақты зерттеу оқушының оқуын жақсартуды мақсат тұтқанымен, бұл үдеріс мұғалімдердің кәсіби қуыреттіліктерін арттырып, әріптестерімен бірлесе педагогикалық білім және академиялық мазмұнды дамытады.

Жуырда Қызылорда және Тараз қалаларындағы Педагогикалық шеберлік орталығының ұйымдастыруымен «Сабақты зерттеу: қазақстандық мектептердің тәжірибесі» тақырыбында аймақтық ғылыми-практикалық конференциясы өтті. Конференцияның негізгі мақсаты – Қазақстандағы сабақты зерттеу жобасы аясында жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің зерттеу нәтижелерін көрсету, тарату және жоғары оқу орындары мен колледждерде осы тәсілдің нәтижелері бойынша тәжірибе алмасу.

Облыс мектептерінің басшылары, мектеп тренерлері, зерттеуші мұғалімдер, ЖОО оқытушылары – барлығы 300 қатысушы зерттеу үдерісінің қазіргі қашықтан оқыту жүйесіндегі ерекшеліктері, тұрақтылығы мен тиімділігі жайлы тың идеяларын бөлісті.

Конференцияға Ұлыбританиядан «Әлемдік сабақты зерттеу ассоциациясының» президенті, Лестер университетінің профессоры Питер Дадли, Жапонияның білім беру саласындағы Сасеи зерттеулер Ұлттық институтының жетекші ғылыми қызметкері Тошия Чичибу шақырылды. Сонымен қатар, «Испаниядағы Lesson study жобасы» аясында Хохотва Ольга испандық мұғалімдердің тәжірибесіндегі сабақты зерттеу үдерісімен таныстыра, WALIS халықаралық конференциясының қатысушылары, Педагогикалық шеберлік орталығының мамандары әлемдік мән-мәтіндегі зерттеулер туралы баяндама жасады. Нұр-Сұлтан қаласы, Жамбыл және Қызылорда облысының зерттеуші мұғалімдері өзара тәжірибе алмасып, кәсіби диалог өрбітті.

Конференцияға қатысуды жетекші мектеп тренерлері магниттік серіктес мектептер арасында зерттеу жобаларымен таныстырып, фасилитациялық сабақ барысында сабақты зерттеуді оңтайландыру жолдарын бірлесе қарастырды.

Қызжібек АБДРАМАНОВА, Жайнагүл ДЖАНСУГІРОВА, педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджерлері, Қызылорда қаласы

Түзетіліп оқытылсын

Газетіміздің 28 қараша, сенбі күнгі санындағы «Ақшұбар мылтық білтелі...» атты макаланың алғашқы абзацындағы «Шектіден - Шыңғыс, Өріс, Баубек туса, Баубектің үлкені Жақайымнан...» деген тіркес «Шыңғыстың ұлы Жақайымнан» деп түзетіліп оқылсын.

ЖАРНАМА

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырыңыз өз:

Телефон:

70-00-52

E-mail: smjarnama@mail.ru

Елорда – Тұңғыш Президенттің төл туындысы



Елбасы есімін қойған Ерсұлтан

...Осы сәтте Елбасы жанына жақын жеткен Қосжар ауылының ардагері Бақтыбай Шораев:

– Нұреке, сіздің келу қарсаңыңызда қуанышты болып жатырмыз. Немеремнің есімін өзіңізге қойдырсам деген ниетпен келдім, – деді. – Өзіңіздің жас шамаңыз қандай? – деді Президент. – Қырқыншы жылғымын. – Бір жылдың төлі екенбіз. Құрдастың немересінің есімі Ерсұлтан болсын!

Содан бері он бес жыл өтті. 2005 жылдың сәуірінде Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сыр еліне жұмыс сапарымен келген болатын. Сол жолы Елбасы Арал қаласындағы Кувейт қорының есебінен қайта жарактандырылған су құбырын пайдалануға беру рәсіміне қатысып, ардагерлер, тұрғындармен болған кездесуде қалаішілік су тарту желісін өз қолымен ашқан еді. Аралдың экологиялық ахуалы, сол кездегі жағдайы көпке белгілі. Таза судан тапшылық көрген тұрғындар үшін көптен күткен күн туып, мәре-сәре күйі кешті.

«Аралға көмек көрсетсем деген арманым жеткеніме қуаныштымын» деген еді сол сапарында Нұрсұлтан Назарбаев. Өйткені теңізді қайта қалпына келтіру ісі – әлемде бұрын-соңды болмаған жұмыс, ғаламат жоба. Көпшілікпен кездесуінде көп ұзамай «Көкарал» бөтетінің іске қосылып, теңіз суының Аралға жақындайтынын да айтқан болатын.

Сапар кезінде Елбасы Қосжар елді мекеніне келіп, «Қамыстыбас» балық питомнигінің балық өсіру тәсілдерімен, уылдырық шайқау цехының жұмысымен танысты. Ал, тұрғындармен кездесуінде ауыл тұрғыны Бақтыбай Шораевтың өтінішіне орай сол кезде дүние есігін ашқан сәбидің есімін Елбасының өзі қойды.

Сонау жылдардағы ба-

сылым беттеріне қарап, он бестегі Ерсұлтанды табу қиын болмады. Ол – қазір Қосжар ауылындағы №67 орта мектептің 10-сынып оқушысы. Алайда, ұлт көшбасшысына ұқсасын деп үміт еткен атасы осыдан алты жыл бұрын өмірден озыпты.

Бүгінде Ерсұлтан мектепте белсенді оқушы. Сөзге шешен, өзі сабырлы жасөспірім көркемсөз оқу байқауларында көзге түсіп жүр.

– Дүниеге келгенімнен-ақ маған үлкен сенім артылды, абыройлы азамат атансын деген ата тілегін сезініп, ержетіп келемін. Есімімді Елбасының қоюы – жақсылықтың нышаны. Мен де болашақта ел тілегін ескерген тұлға болғым келеді. Тұңғыш Президент болу, елдің енесін көтеріп, әлемнің алдыңғы қатарлы елдерімен тең ету оңай емес. Тәуелсіз ел атану қиын, тәуелсіздікті сақтап қалу одан да қиын екені белгілі. Отыз жылға жуық уақыт Елбасының көшбасшылығымен бейбіт әрі берекелі күн кешіп келеміз. Мен де тәуелсіздіктің тұғырлы болуы жолында еңбек етемін, – деді Ерсұлтан. Алдағы уақытта әлем бойынша сұранысқа ие IT маманы болуды мақсат еткен Ерсұлтанның биіктен көрінетініне сенімдіміз. Өйткені қазірден-ақ, сөзі нық, арманы биік.

Ал, Аралдың қазіргі жағдайы әлемге белгілі. Кіші Аралдың суға толуы балық қорын молайтып, теңіз жағалаған елдің тұрмысын түзелтті. Бір күндері болашағы бұлыңғыр тартқан ауданның ахуалы адам танымастай өзгерді. Әрине, ғасыр жобасы атанған алпауыт жобаның өмірге келіп, іске асуы Тұңғыш Президенттің тәуекелге толы ерлігі екені анық.

Айдана
ЖҰМАДИНОВА,
«Сыр бойы»

Бұл – үш жыл бұрынғы оқиға. 2017 жылдың күзі. Дәлірек айтсақ, сол жылы қазан айында Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сыр өңіріне келді. Сапар барысында түрлі кездесулерден бөлек, қызылордалық жастардың ортасында да болды.

Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы»

Кездесуге бокстан Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев, ауыр атлетикадан Азия ойындарының чемпионы Әсем Садыкова, қаратэ-додан Әлем чемпионы Мәдір Жаңбырбай, тағы басқа спортшылар жиналды. Сондай-ақ, «Нұрсұлтан» есімін иеленген үздік оқушылар да Елбасымен жүздесуге әр ауданнан арнайы келген болатын.

Аралдық бала Нұрсұлтанның есінде Елбасымен жүздесу мәңгі жатталғаны анық. Сол жылы екінші сыныпта оқитын ол өз арманы – Елорданы көргісі келетінін Нұрсұлтан Әбішұлына айтты.

– Елбасы батасын беріп, Елордаға қыдырып қайтуға шақырды. Содан кейін әжем, ата-анам барлығымыз әсем қалаға бардық, – дейді Нұрсұлтан Жаксықелдиев.

Бүгінде Аралдағы №260 мектептің бесінші сыныбында оқитын біздің кейіпкер Елбасымен кездесуден алған әсерін достары мен көршілеріне ай-



Астана 12.10.2017

тудан жалыққан емес. Бала тілегін сан мың жұмыс арасын да отырып қалыс қалдырмаған Тұңғыш Президентке бала Нұрсұлтанның әжесі Айнагүл Бейсенбаева дән риза.

– Біздің халық әу бас-тан ырымшыл ғой. Жақсы адам көрек қолын алып, немерелердің аузына түкіртіп жатамыз. Өзім де Елбасы секілді халқының қорғаны

болсын деп немереме есімін бердім. Еліне ұнаған Президент Нұрсұлтандай болса дейміз ғой. Әзірге мектепте үздік оқиды, – дейді әжесі.

Әсем қаланы көрсем екен деген аралдық Нұрсұлтанның арманы орындалды. Бала тілегі қабыл болып, Елордаға барды. Жеткіншек өзінің отбасымен бірге саяхаттады. Алғаш рет ұшаққа да мінді.

Бақытты заманның ұрпағымын!

Менің бала қиялым жақсы армандардан құралған. Себебі бейбіт өмірді, ашық аспанды, бақытты елді, жақсы өмірді көріп отырмын. Бақытты заманның бақытты ұрпақтары шат-шадыман көңіл күйде таза жолмен, Елбасы құрған мақсатты жолмен болашаққа нық қадам басып барамыз.

«Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деп Абай атам айтқандай, Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев елдің бірлігі мен ынтымағын, адамгершілік құндылықтарын бағалап, өткен тарихты ұмытпай, келешекке асқан даналықпен айқын жол салып келеді. Өзіндік мақсаты бар маңызды ойдың, парасатты пайымның иесі халықтар достығын жоғары қояды. Ұлы достықтың арқасында заманның құнын, өмірдің мәнін, ұлттың қадірін, тілдің мақсатын анық түсіндік.

Адал адам Отанын сүйеді. Туын сүйеді. Тау-табын кастерлеп, жерін қорғайды. Дәл осы болмысты Елбасы бойынан көріп, үлкен рухпен жігерленемін. Адамзатты сүймейінше, шынында, Отаныңды сүйе алмайсың. Отан – өз үйім, өз ата-анам, өз бауырларым, Отан – өзім!

Егемен мемлекет, Тәуелсіз ел, Нағыз азамат ұғымын Тұңғыш Президент көзінен көріп, жүрегіммен сезіне білдім. Мен – бақытты заманның ұрпағымын! Елбасының халқын сүюі, әр күніне алаңдауы, салт-

дәстүрін құрметтеуі, ел тағдыры үшін үлкен жауапкершілік сезіміне ие болуы – Президентке лайық болмыс.

Дүние жүзі Қазақ елін картадан көріп қана қоймай, үлкен сүйіспеншілікпен жақсы ой-пікір айта алатын кезге жетті. Нұрсұлтан азаматтың ел егемендігінің еңселі болу жолындағы еңбегі зор. Елорда үлкен шығармашылық идеялармен дүниеге келді. Жер шарының картасынан еңселі қала атауы өз орнын алды. Тәуелсіздік сарайы, «Қазақ Елі» монументі, «Думан» ойын-сауық орталығы, Еуразия ұлттық университеті ойыма ой қосып, үлкен армандарға жетелейді.

Елбасының білімге көзқарасы ерекше. Білім болмаған жерде келешек те жоқ деп, көп тіл білуді насихаттауы, заман талабы екендігін ұғындыруы – азаматтығының бір парасы. «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс» дей отырып, білім саласында тілдің өркендеуіне жол ашты, мол мүмкіндікке қол жеткізуде көп еңбек сіңірді.

Жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі – ағылшын тілін ата-әжем де, ата-анам да кен түрде қолдады. «Шет мемлекетке қыдырып барсаң, сен тіл біліп отырсаң, Қазақстанның азаматы екеніңді мүдірмей айтасың ғой» деген ата-әжемнің сөзі үш тұғырлы тілдің мән-мағынасын ашып бергендей.

– Нұр-Сұлтанға тағы да барғым келеді. Ерекше ұнады. Тамаша әсер алдым. Ол – ең көрікті қала. Біздің сондай астанамыз барына қатты қуандым. Отбасымызбен бірге үш күн араладық. Океанариум, музей, «Бәйтерек», балалар саябағы секілді біраз жерге бардық, – деді ол.

Нұрсұлтан оқуда озат. Ұстаздары да қабілетті екенін айтады. Үйіндегі үш ағайынды баланың үлкені. Тағы бір ерекшелігі, адамды еш жатырмай, ортаға тез үйреніп кетеді. Бізбен де телефонда бұрыннан танытындай сөйлесіп кетті. Ал оның мектепте де, ауыл ішінде де достары көп екенін мұғалімінен естідік.

– Бастауышты бітіргендерге жаңадан сынып жетекші тағайындалатыны белгілі. Биылдан бастап 5 «Ә» класына жетекшілік етемін. Шәкірттерімің барлығы да құралақан емес. Ал Нұрсұлтан туралы айтар болсақ, ол әр сабағына аса ықыласпен, мұқияттылықпен дайындалып келеді. Үздік оқушы. Оның қоршаған ортаға деген, табиғатқа деген қызығушылығы өте жоғары. Сондықтан болар сурет салғанды жақсы көреді. Президент болсам деген арманы бар. Тағы бір қуанатыным, ол – өте мейірімді. Өскенде мұқтаж жандарға көп көмектесетінін жиі айтып жүр, – дейді сынып жетекшісі Ақнұр Баекенова.

Кішкентайлар қиялға жүйрік. Бала арманмен алысқа көз тігеді. Күндердің күнінде сол арманы жүзеге асарына балақай сенеді.

Диас ӘЛИ,
№ 7 мектеп-лицейдің
7-сынып оқушысы